



**ҚАЗАҚСТАН  
КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ  
ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ  
ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ**

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІНЕ БАЯНДАМА

2020

---

Кәсіпкерлердің құқықтарын  
қорғау жөніндегі жұмыс  
нәтижелері туралы

---





# МАЗМҰНЫ

---

4	БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН КЕҢЕСІНЕ КЕЛІП ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕР
8	КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС
10	ПРОБЛЕМАЛАР ТІЗІЛІМІ
11	КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ РЕТТЕУ
13	САЛЫҚ САЛУ
16	БИЗНЕС-ТІЗІЛІМ
18	КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛЕНДІРУ
22	БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ
25	РЕТТЕЛЕТІН САТЫП АЛУЛАР
28	«САТЫП АЛУЛАРДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ» ПОРТАЛЫ
30	ӘКІМШІЛІК-ДЕЛИКТІЛІК ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ
33	ТӨРЕЛІК ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ
35	МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС
37	СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ
39	КОНСУЛЬТАТИВТІК-КЕҢЕСШІ ОРГАНДАРҒА ҚАТЫСУ
41	ӨҢІРЛІК КЕЗДЕСУЛЕР
42	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ
43	ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТЕР
48	«ЖАҢАДАН РЕТТЕУ» ҚАФИДАТЫ/БИЗНЕСКЕ ҚОЙЫЛАТЫН МІНДЕТТІ ТАЛАПТАР ТІЗІЛІМІ
51	ҚҰҚЫҚТЫҚ САЯСАТ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ
52	БИЗНЕСТІҢ ҚАРСЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ/КОРПОРА- ТИВТІ БАСҚРАУДЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ
53	БИЗНЕС-ОМБУДСМЕННІҢ АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСЫ

## БИЗНЕС-ОМБУДСМЕН КЕҢСЕСІНЕ КЕЛІП ТҮСКЕН ӨТІНІШТЕР

Бизнес-омбудсменнің негізгі міндеттерінің бірі кәсіпкерлердің құқықтары мен заңды мүдделерін ұсыну, қамтамасыз ету және қорғау, сондай-ақ кәсіпкерлік қоғамдастықтың мүдделерін қорғау болып табылады. Осы мақсатта ол өтініштерді қарайды, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру шараларына қатысты ұсыныстар мен ұсынымдар енгізеді және т. б.

2020 жылы бизнесті қорғау желісі бойынша бизнес-омбудсменнің кеңсесіне 5 175 өтініш келіп түсті, оның 2 245-і (44%) оң шешімін тапты. Кәсіпкерлердің қорғалған мүліктік құқықтарының сомасы 35,25 млрд теңгені құрады (күші жойылған айыппұлдар, активтерді қайтару немесе бизнес мүлкін сақтаудың өзге де тәсілдері).


Пандемия салдарынан шағымдардың сипаты өзгерді. 2019 жылмен салыстырғанда өтініштер саны 7%-ға өсті, әрбір үшінші өтініш ТЖ және карантин кезеңіндегі жұмысқа байланысты болды.

2020 жылы шағымдардың басым бөлігі ТЖ және карантин кезеңіндегі жұмыс, жер қатынастары, сәулет және құрылыс, салық салу, сатып алу мәселелеріне қатысты болды.


Бизнес-омбудсмен институты 2016 жылы енгізілді, сол уақыттан бері кәсіпкерлердің 27 мыңнан астам өтініші қаралды. Қорғалған мүліктік құқықтардың жалпы сомасы 205,7 млрд теңгені құрады.

Өтініштердің динамикасы 2016 жылмен салыстырғанда төмендеді, 2020 жылы ол 28%-ды құрады (ең жоғары төмендеу шыңы 2018 жыл -36%).

Өтініштер/шағымдар динамикасы



2020 жылы түскен өтініштердің топ-10



## ПАНДЕМИЯ КЕЗЕҢІНДЕГІ ӨТІНІШТЕР

2020 жылы төтенше жағдай енгізілгеннен бері 144 мыңнан астам ауызша және жаз-баша өтініш өңделді. Көп жағдайда шарттық міндеттемелерді орындауға қатысты мәселелер және өзге де шаруашылық-экономикалық мәселелер (жұмысқа және жүріп-тұруға рұқсат, рұқсаттамалар, шекті бағалар, коммуналдық қызметтер, салықтар, әлеуметтік төлемдер және т.б.) қозғалды.


ТЖ режимі енгізілген сәттен бастап бизнес-омбудсмен кеңсесі бизнес мәселелерін шешу бойынша Үкіметке, Бас прокуратураға, Жоғарғы Сотқа, Ішкі істер министрлігіне, Денсаулық сақтау министрлігіне және басқа да мемлекеттік органдарға 50-ден астам бастамашылық хат жолдады. Аса өткір проблемалар, атап айтқанда, тексерулерді тоқтата тұру, фермерлердің кедергісіз жүріп-тұруы, курьерлік қызмет жұмысы, жалдау ақысынан

босату, салық жеңілдіктерін беру, айыппұлдарды төмендету және т.б. жедел шешілді.

ТЖ режимі кезеңінде еңсерілмес күш (форс-мажор) жағдайларының туындағаны туралы куәлік беру туралы 6 970 өтінім келіп түсті, 6 121 куәлік берілді.

Шамадан тыс көп сот дауларын болдырмау үшін және іскерлік айналымның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін бизнес-омбудсмен төтенше жағдайды форс-мажор дептану туралы мәселені барлық деңгейде көтерді. Мемлекет басшысы берген тапсырмаларды ескере отырып, Азаматтық кодекстің 359 бабы төтенше жағдайды форс-мажор дептану туралы түзетумен толықтырылды (түзетулер 2020 жылғы 3 шілдеде енгізілді).

2020 жылғы ӨКП қызметі



## КӘСІПКЕРЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТЕР

Бизнес-омбудсмен Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің мүшесі болып табылады. Кеңес Қазақстанда кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтары мен заңды мүдделерін ұсыну, қамтамасыз ету, қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, сондай-ақ оларды жариялау мәселелері жөніндегі міндеттерді жедел және жүйелі түрде шешу үшін құрылды.

Кеңесті белгілі саяси қайраткер Сүлейменов Қайырбек Шошанұлы басқарады. Кеңестің құрамына Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары, Бас Прокурордың орынбасары, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының орынбасары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының орынбасары, мемлекеттік органдардың басшылары, қоғам қайраткерлері, бизнес-қоғамдастық пен БАҚ өкілдері кіреді.


Кеңестер жүйесінің графикалық құрылымы (18 кеңестің төрағалары – бір орталық және 17 өңірлік кеңестің төрағалары).

2020 жылы Кеңес карантиндік шектеулерді ескере отырып, 10 отырыс өткізді, олар сырттай нысанда, сондай-ақ бейнеконференцбайланыс форматында өткізілді. Мәселелерді талқылауға кәсіпкерлер бейнеконференцбайланыс арқылы тартылды. Бір отырыс журналистік тергеумен сүйемелденді, 4 отырыс «Фейсбукте» тікелей эфирде көрсетілді.


12 мәселе қаралды, атап айтқанда: мемлекеттік қорғаныс тапсырысын орындау, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы субсидиялау; жолаушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты шығындарды субсидиялау; медициналық техникаға сараптамалық бағалау жүргізу; мемлекеттік сатып алудың арнайы тәртібін қолдану; сондай-ақ сәулет және құрылыс, дәрілік заттарды сатып алу саласында, бизнестің дамуына кедергі келтіргені үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейту және т. б. мәселелер бойынша кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау

Мемлекеттік органдарға 96 ұсыным енгізілді, оның 42-сі қолдау тапты, 6-ы қабылданбады. Қалған ұсынымдар оларды қарау мерзімінің аяқталмауына байланысты қарау сатысында.

Кеңестер жұмысының динамикасы



2020 жылы Кеңестерде қаралған мәселелердің ТОП - 10



Keңестің шешімдері мәлімет үшін ҚР Президентінің Әкімшілігіне және ҚР Үкіметіне жолданды, бұл Кеңестің ұсынымдарын қарауға қатысатын лауазымды тұлғалар шеңберін кеңейтуге мүмкіндік берді, кәсіпкерлердің проблемаларын жедел және тиімді шешуге жәрдемдесті.

Өңірлік кәсіпкерлер палаталарында кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша осындай кеңестер құрылған. Өңірлердегі кеңестердің құрамына облыс прокурорларының орынбасарлары, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің департаменттері, Мемлекеттік кірістер департаменттері басшыларының орынбасарлары, бизнес-қоғамдастық пен БАҚ өкілдері кіреді.

2020 жылы өңірлік палаталар кеңестері 152 отырыс өткізді, онда 305 мәселе қаралды. Жұмыста бизнесті толғандыратын өзекті мәселелерді шешуге баса назар аударылған.

Атап айтқанда, жалдау ақысын және коммуналдық төлемдерді кейінге қалдыру, шарттық мін-


деттемелерді орындаудың мүмкін болмау себептері, санитариялық қағидаларды бұзғаны үшін қолданылатын жазаларды барынша төмендету, кедендік әкімшілендіру және салық салу, мемлекеттік сатып алулар, жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы, мемлекеттік және табиғи монополиялар, рұқсаттар мен хабарламалар, сауда, көлік және агроөнеркәсіптік кешен және т. б. салалардағы кедергілерді жою мәселелері қаралды.

Отырыс нәтижелері бойынша кеңестер мемлекеттік органдар мен ұйымдарға 494 ұсыным енгізді, оның 417-сі (84%) қолдау тапты. 2019 жылмен салыстырғанда қанағаттандырылған ұсыныстардың үлесі 10%-дан астамға өсті (2019-73%).

2017-2020 жылдар аралығында ҰКП және ӨКП кеңестері барлығы 636 отырыс өткізді, 1379 мәселе қаралды, 2293 ұсыным енгізілді, 1478-і қолдау тапты. Кеңестердің ұсынымдары бойынша 230 адам тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Қолдау тапқан ұсыныстардың үлесі динамикада: 2017 жылы – 45,5%, 2018 жылы – 55,7%, 2019 жылы – 71%, 2020 жылы – 77,8% құрады.

Кеңестер қызметі 2020 жыл





**СҮЛЕЙМЕНОВ Қ.Ш.**

«Атамекен» ҚР ҰКП Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің төрағасы



**ТӨРЕГЕЛДИН С.М.**

Қарағанды облысы бойынша Кеңес төрағасы (Кеңес мүшелері 19)



**ФАЙЗУЛЛИН Б. Д.**

Алматы облысы бойынша Кеңес төрағасы (Кеңес мүшелері 14)



**ГЕРАЩЕНКО В. С.**

Ақмола облысы бойынша Кеңес төрайымы (Кеңес мүшелері 12)



**КАПАНОВ К. Х.**

БҚО бойынша Кеңес төрағасы (Кеңес мүшелері 14)



**ТІЛЕУМҰРАТОВ Ю.Д.**

Алматы қаласы бойынша Кеңес төрағасы (Кеңес мүшелері 15)



**ШАКУН В.М.**

Қостанай облысы бойынша Кеңес төрағасы (Кеңес мүшелері 15)



**НӘБИЕВ Н.А.**

Палодар облысы бойынша Кеңес төрағасы (Кеңес мүшелері 12)



**ЖАНАЕВ А.З.**

Маңғыстау облысы бойынша Кеңес төрағасы (Кеңес мүшелері 15)



**ЕЛЕКЕЕВ И.К.**

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Кеңес төрағасы (Кеңес мүшелері 16)



**ШАЦКИЙ И.В.**

ШҚО бойынша Кеңес төрағасы (Кеңес мүшелері 7)



## «АТАМЕКЕН» ҚР ҰҚП КӘСІПКЕРЛЕР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ КЕҢЕСІ



**ҚУАНОВА И.З.**

СҚО бойынша  
Кеңес төрайымы  
(Кеңес мүшелері 6)



**СЕМҒАЛИЕВ А.А.**

Атырау облысы  
бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері 7)



**ҚҰРМАНҒАЗИН Е.А.**

Ақтөбе облысы  
бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері 13)



**ОСПАНОВ К.Д.**

Жамбыл облысы  
бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері 15)



**СЕЙІТЖАНОВ М.Д.**

Шымкент қаласы  
бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері 14)



**ҚАБЫШТАЕВ О.А.**

Түркістан облысы  
бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері 18)



**НҰРХОЖАЕВ Б.Ж.**

Қызылорда облысы  
бойынша  
Кеңес төрағасы  
(Кеңес мүшелері 12)

## КӘСІПКЕРЛЕР ПРОБЛЕМАЛАРЫНЫҢ ТІЗІЛІМІ

Бизнес-омбудсменнің кеңсесі келіп түскен шағымдар бойынша жеке мәселелерді нақты шешумен қатар бизнестің жүйелі мәселелерін шешуге көп көңіл бөледі. Кәсіпкерлік субъектілерінің үлкен тобына қатысты белгілі бір кедергілерді жою ықтимал шағымдардың алдын алады.

Осы мақсатта Проблемалар тізілімі<sup>1</sup> жасалды – бұл жүйелі проблемаларды тіркейтін, шешу жолдарын көздейтін және жүргізіліп жатқан жұмыстардың ағымдағы жай-күйін қадағалайтын жүйе.


Қазіргі уақытта Тізілім 737 мәселені қамтиды, оның 534-і (немесе 72,4%) шешілген, 203-і (27,6%) қаралуда.

Проблемалық салалардың топ-10-на: АӨК және ауыл шаруашылығы, логистика және тасымалдау, сатып алу, құрылыс, қала құрылысы және сәулет, медициналық және фармацевтикалық қызмет, салық салу, техникалық және кәсіптік білім беру, кедендік реттеу, рұқсат беру рәсімдері, жер қатынастары кіреді.

### 2020 жылы төменде көрсетілген мәселелер шешілді:

- келісім-шарт жасасу, сақтандыру жарналарын төлеу, тарифтік мөлшерлемелерді төмендету және сақтандыру қызметтерінің тізімін ұлғайту арқылы агроөнеркәсіптік кешенде өсімдік шаруашылығы өнімдерін сақтандыру қайта қаралды;
- келісімі жер учаскесін бөлу үшін талап етілетін кондоминиум қатысушыларының санын үштен екісіне дейін қысқарту бөлігінде ҚР Жер кодексінің 62-бабына «Тұрғын үй қатынастары туралы» ҚР Заңындағыдай өзгерістер енгізілді (4-баптың 3-тармағы).
- жолаушылар мен багажды тұрақты автомобиль көлігімен тасымалдаумен айналысатын бизнес субъектілерін ҚҚС-тан 3 жылға босату нормасы енгізілді;
- шынжыр табанды тракторларды көлік салығынан босату және т. б.

### 2020 жылы түскен өтініштердің топ-10



<sup>1</sup> Проблемалар тізілімі  
[atameken.kz/ru/registers](http://atameken.kz/ru/registers)

## КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ РЕТТЕУ

Соңғы 5 жылда Үкіметтің, бизнес-омбудсмен кеңсесінің және «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының бірлескен күш-жігерімен бизнесті қайта реттеу және оның шығындарын төмендету бойынша айтарлықтай жұмыс жүргізілді.

Ұлттық экономика министрлігімен өзара тығыз қарым-қатынас жолға қойылды, кәсіпкерлік саласындағы заңнама тұрақты негізде жетілдірілуде.

Жаңа Кәсіпкерлік кодексі енгізілді, бизнесті жүргізу жағдайларын жақсарту бойынша түзетулердің 8 пакеті қабылданды, «гильотина» қағидаты бойынша рұқсаттар мен лицензиялар, мемлекеттік органдардың бақылау функциялары қысқартылды.

Нәтижесінде рұқсат беру құжаттарының саны айтарлықтай төмендеді (75%-ға, 1115-тен 287-ге дейін), мемлекеттік бақылау жүйесі оңтайландырылды, профилактикалық бақылау енгізілді, бизнеске қойылатын талаптар саны (30540-тан 13386-ға дейін), бақылау функциялары (544-тен 379-ға дейін), тексеру мерзімдері (30-дан 15 күнге дейін) қысқарды. Есептілікті жүйе-

леу бойынша шаралар қабылданды, олардың бірыңғай тізбесі бекітілді (Есептіліктің 439 түрінен тұрады).


Уәкілетті мемлекеттік органдардың бизнеске қатысты жаңа реттегіш құралдарды енгізу жөніндегі жұмыстарын жүйелеу мақсатында (әсер ету тәсілдері, кәсіпкерлікті мемлекеттік реттеудің нысандары мен құралдары) реттегіш құралдардың реттеушілік әсеріне талдау жүргізу және пайдалану қағидалары қабылданды (ҰЭМ-нің 30.11.2015 ж. № 748 бұйрығы).

РӘТ арқасында бизнеске негізсіз қысым жасау мүмкіндігі айтарлықтай төмендеді. 2016–2020 жылдары мемлекеттік органдар 646 жаңа құрал ұсынды, олардың 557-сін (86%) РӘТ қабылдамады, тек 89-ы ғана мақұлданды.

Бизнес-омбудсменнің кеңсесі мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнес мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларына сараптама жасайды.

Бизнес-омбудсменнің кеңсесі мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасы бизнес мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларына

### БИЗНЕСТІ МЕМЛЕКЕТТІК РЕТТЕУДІ ЖЕТІЛДІРУ




сараптама жасайды. Бұл процеске өңірлік бөлімшелер мен аккредиттелген қауымдастықтар арқылы кәсіпкерлік қоғамдастық тартылған.

2016 жылдан бастап НҚА жобаларына 26 000- нан астам сараптамалық қорытынды берілді, оның ішінде заң жобалары бойынша - 463.

Осы бағыттағы жұмыс барысында ескертулерді беру режимінен жобаларды бірлесіп пысықтауға көшу мүмкін болды («өмірлік цикл басталғаннан бері»). Осының арқасында соңғы 4 жылда есепке алынған сараптамалық қорытындылардың орташа пайызы өсті және 2015 жылғы 30%- бен салыстырғанда шамамен 78%-ды құрайды.

«DOING BUSINESS» рейтингінде бизнесті жүргізу жағдайларын жақсарту




НҚА және РӘТ бойынша динамика




ҰҚП құрылымдық бөлімшелерінің сараптамалық қызметін талдау

Сараптамалық қорытындылардың жалпы саны




НҚА Түрлері бойынша сараптамалық қорытынды



Өңірлік палаталардың сараптамалық қызметін талдау

ӨКП берген сараптамалық қорытындылар статистикасы



## САЛЫҚ САЛУ

### 2020 жылы келесі мәселелер шешілді:

- зардап шеккен ШОБ субъектілері үшін 3% мөлшеріндегі бөлшек салық негізінде арнайы салық режимі (АСР) енгізілді (2023 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады);
- ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеушілерге - ашытқы, шоколад, қантты кондитерлік өнімдер, печенье және ұннан жасалған кондитерлік өнімдер, қант қызылшасынан қант, мақта талшығын өндіру бойынша ҚҚС бойынша жеңілдік енгізілді;
- экономиканың басым салаларына қаржы салуға және дамытуға дайын инвесторлар үшін КТС, мүлік салығы, жер салығы 100%-ға төмендетілді;
- әлеуметтік маңызы бар бағыттар (автомобиль көлігі, трамвайлар) бойынша тасымалдаушылар үшін ҚҚС бойынша жеңілдік енгізілді;
- тауарларды өздері өндіретіндер үшін 50% мөлшерінде ҚҚС қайтарудың жеңілдетілген тәртібі ұсынылған;
- инвестициялық салықтық несие енгізілді – КТС және мүлік салығы бойынша алдағы кезеңдердің салықтарын төлеу мерзімін 3 жылға дейінгі мерзімге өзгерту құқығы;
- радиожілік спектрін пайдаланғаны үшін төлем ставкасы 5 жылға 10 есе төмендетілді;
- жалпы белгіленген режимде жұмыс істейтін ЖК табыстары салық салудан босатылды;
- 2019 жылғы резиденттік сертификаттарын ресімдеу және салық органдарына ұсыну мерзімі 31.12.2020 жылға дейін ұзартылды.

### ҚР-да төтенше жағдайдың енгізілуіне байланысты:

- 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін әуе жолаушылар көлігі қызметімен айналысатын салық төлеушілерге, яғни ҚР резиденттеріне техникалық қызмет көрсету және әуе кемелерінің лизинг мәмілелерін заңды сүйемелдеу бойынша резидент емес үшін есептелген ҚҚС төлеу бойынша кейінге қалдыру ұсынылды.
- 1 сәуірден бастап 2020 жылғы 1 қазанға дейінгі кезеңде: әуеайлақтар мен әуежайлардың терминалдарындағы ұшу-қону жолақтары; жеке практикамен айналысатын адамдар мүлік салығынан босатылды;
- 2020 жылдың соңына дейін салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің, әлеуметтік төлемдердің барлық түрлерін төлеу мерзімін кейінге қалдыру ұсынылды;
- 2019 жылғы міндеттемелер бойынша салық есептілігі нысандарын ұсыну мерзімі 2020 құжаттардың көшірмелері негізінде ТЖ кезінде салықтық есепке алуды жүргізу және мұндай көшірмелерді салық органдары үшін жарамды деп тану мүмкіндігі берілді (құжаттардың түпнұсқалары ағымдағы жылдың соңына дейін ресімделген жағдайда).
- 2019 жылғы шілдеде міндеттемелер бойынша салық есептілігі нысандарын ұсыну мерзімі 2020 жылғы 31 наурыздан 2020 жылғы 31 мамырға дейін ауыстырылды.

## АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ

Салық және кеден салалары заңнаманың күрделі салаларының бірі болып табылады. Дауларды сотқа дейін реттеу мақсатында 2017 жылдан бастап Қаржы министрлігі жанында Апелляциялық комиссия жұмыс істейді, ол кәсіпкерлердің салықтық және кедендік тексерулер нәтижелері туралы хабарламаларға қатысты түскен шағымдарын қарайды.

2020 жылы апелляциялық комиссия салықтық даулар бойынша 323 шағымды қарады, 61 шағым бойынша бизнес пайдасына жалпы сомасы 11,5 млрд. теңгеге шешім шығарылды, оның ішінде:

- 60% – 7,8 млрд. теңге сомасына қосымша есептеудің күшін жою;
- 31% – сенімсіз жеткізушілермен байланысты 1,9 млрд. теңге сомасына қосымша есептеулер құрайды;
- 9% – 1,8 млрд. теңге сомасына қайтарылуға жататын ҚҚС.

Апелляциялық комиссияның жұмысы барысында салық міндеттемелері бойынша талап қою мерзімінің өтуіне байланысты проблемалық мәселелер көтерілді.

2020 жылғы 1 қантардан бастап Салық кодексінің 48-бабы талап қою мерзімін 3 жыл деп белгіледі. МКК түсіндірулеріне сәйкес, 2020 жылдың 1 қантарына дейін туындаған қатынастарға 5 жыл мерзім қолданылады.

Бұл мәселені шешу үшін мемлекеттік органдарға (БП, ҰЭМ, Әділет министрлігі, Қаржы министрлігі) 5 жылдық мерзімді қолданудың мүмкін еместігі туралы хаттар жіберілді. Салық кодексіне өзгерістер енгізу жөніндегі заң жобасы шеңберінде 2020 жылы 2020 жылғы 1 қантарға дейін туындаған қатынастар бойынша 5 жылдық мерзімді қолдануды көздейтін түзету алынып тасталды.

Апелляциялық комиссия 2014-2016 жылдардағы салықтық міндеттемелер бойынша 23 шағымды қарады, шешім бизнестің пайдасына шығарылды, 6,8 млрд. теңгеге қосымша есептелген салықтың күші жойылды. Мысалы:

- «Эверестстрой» ЖШС 2014-2015 жылдары ҚҚС, КТС 413,5 млн теңге мөлшерінде түзетілген;
- «КБ Промсвязь» ЖШС 2014 жылы ҚҚС, КТС 267,9 млн теңге мөлшерінде түзетілді;
- «Манатгазстройсервис» ЖШС 2016 жылы ҚҚС, КТС 198,3 млн теңге мөлшерінде түзетілді;
- Exspress Global stroy «ЖШС 2014-2016 жылдары ҚҚС, КТС, ЖТС, әлеуметтік салық 180,9 млн теңге сомасында түзетілді.

## КЕЛІСІМ КОМИССИЯСЫ

2019–2020 жылдары салық органдарының мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы талап арыздарының саны 5 есе өсті, бұл кәсіпкерлерге салықтарды қосымша есептеу туралы талап қоюдың қосымша құралы болды.

Мәселені шешу үшін бизнес-омбудсмен кеңсесі және «Атамекен» ҰКП 2020 жылғы наурызда аталған мәмілелер бойынша дауларды сотқа дейін шешу үшін Мемлекеттік кірістер департаменттері жанынан келісім комиссияларын құруға бастамашылық жасады.

2020 жылы 83 материал бойынша 41 комиссия отырысы өткізіліп, 55 материал бойынша сотқа талап арыз жолдау туралы шешім қабылданды.


Комиссиялардың жұмысы карантиндік шектеулерге байланысты, сондай-ақ Жоғарғы соттың 2017 жылғы 29 маусымдағы №4 «Салық заңнамасын қолданудың сот практикасы туралы» Нормативтік қаулысын түзету бойынша жүргізіліп жатқан жұмысқа байланысты тоқтатылды.

### Анықтама үшін:

2018 жылы соттарға салық органдарының 694 талап арызы жолданды, оның ішінде 635 (91%) қанағаттандырылды, 59 (9%) қанағаттандырудан бас тартылды.

2019 жылы талап арыздар саны 5 есе өсті (3 436), оның ішінде 1785 (52%) қанағаттандырылды, 349 (10%) қанағаттандырудан бас тартылды, 1302 қарауда (2020 жылғы наурыздағы жағдай бойынша МКК деректері бойынша ақпарат).

Салықтық тексерулерге қатысты шағымдардың негізгі мәселелері



## БИЗНЕС-ТІЗІЛІМ

2019 жылы Ұлттық инвесторлар кеңесі мен Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырыстарында Мемлекет басшысы бизнес субъектілері бойынша ашық интеграцияланған деректер базасын құруды, тиісті сақтық қағидатын қарастыруды тапсырды.

Бұл қағидат контрагентті таңдау кезінде кәсіпкерлердің қырағылығын арттыруға бағытталған. Егер кәсіпкер контрагентті осы база бойынша тексерген болса және ол «қызыл аймақта» болмаса, контрагентпен жасалған мәміле қосымша салық есептеу үшін қудалау нысанасы болмауы тиіс.

Бұл тәсіл кәсіпкерді жосықсыз контрагенттің кесірінен орын алуы мүмкін салықтық талап-арыздардан қорғауға мүмкіндік береді.

Салық кодексіне тиісті сақтық қағидатын енгізу Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп пысықталуда.

Адал бизнес-серіктестердің тізілімі бойынша заңнамалық түзетулер қабылданды, 2021 жылғы шілдеде күшіне енеді<sup>1</sup>.

### Тиісті қырағылық таныту қағидаты. Ұсыныс



Бұл ретте МКК-да әрқашан қолданыстағы тәртіп шеңберінде әрекет ету мүмкіндігі бар.

■ қолданыстағы нұсқасы ■ ұсынылған



<sup>1</sup> [adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000399](https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z2100000399)



Бизнес-тізілім кәсіпкерлік субъектілері туралы жан-жақты мәліметтерді шоғырландыруға мүмкіндік беретін бизнес субъектілері бойынша ашық интеграцияланған дерекқорды білдіретін болады. Нәтижесінде, бизнес өз клиенттері мен жеткізушілерін «бір терезеде» көре алады, олардың әдептілігін, сенімділігін бағалай алады және жалған транзакцияларды болдырмас үшін бір күндік компанияларды уақытында анықтау мүмкіндігі бар.

Қызмет әртүрлі индекстерді құрауы мүмкін – іскерлік бедел, төлем және несие тәртібі, қаржылық тұрақтылық, тиісті сақтық және т. б.

Бұл өзін-өзі бақылаудың тиімді жүйесін құруға, бизнестің жауапкершілігін арттыруға, көлеңкелі экономиканы төмендетуге, сенімді статистикалық базаны құруға, жосықсыз компанияларды, міндеттемелерді орындамау фактілерін анықтауға және т. б. мүмкіндік береді.

#### Адал бизнес-серіктестер тізілімі

Кәсіпкерлер бизнес-тізілімде әлеуетті контрагентпен өзара іс-қимылдың коммерциялық тәуекелдерін бағалай алады. Мұнда сот органдарының талаптары бойынша ақпарат, кредиттік бюроның рейтингтері, реттелетін сатып алуларға қатысу және т.б.



Кәсіпкерлер әлеуетті контрагентте қандай да бір тәуекелдің туындау ықтималдығын кәсіпкердің индекстерін экспресс-талдау арқылы бағалай алады

Бизнес-тізілімдегі кәсіпкерлер тез және ыңғайлы түрде қырағылық таныта алады, өйткені мұнда мемлекеттік деректер базасынан контрагент туралы барлық ресми ақпарат жиналады



Бір ресурста кәсіпкерлерге тәуекелдердің алдын алуға көмектесетін барлық ақпарат жинақталған

Порталда кәсіпкерлермен өзара қарым-қатынастағы тәуекел дәрежесі бойынша кәсіпкерлер тізілімі қалыптастырылатын болады

Бұл ақпарат отандық бизнес үшін де, шетелдік әлеуетті әріптестер мен инвесторлар үшін де контрагенттерді таңдауда маңызды болады

## КЕДЕНДІК ӘКІМШІЛЕНДІРУ

### АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ КОМИССИЯ


2020 жылы апелляциялық комиссияда 62 шағым қаралып, 21 тексеру актісі заңсыз деп танылды. Бизнес пайдасына шешілген ақшалай қаражаттың жалпы сомасы 4,6 миллиард теңгеден асты.

#### Кедендік тексерулердің қорытындыларын талдау келесі проблемаларды анықтады:

- компанияларды іріктеу кезінде тәуекелдерді басқару жүйесі (ТБЖ) қолданылмайды, олардың адалдығы мен заңға бағыну деңгейі ескерілмейді;
- тексеру саны артты: тауарлар шығарылғанға дейінгі кезеңде; шығарылғаннан кейін басталған тексерулер; камералдық тексерулер; жоспардан тыс көшпелі тексерулер;
- кәсіпкерлер үшін құжаттарды ұсыну мерзімі өте қысқа - барлығы 10 жұмыс күні, ал кеден органдарының лауазымды тұлғалары үшін камералдық тексеру жүргізу мерзімі 6 айға дейін белгіленген;
- бизнес кедендік тексеру актілеріне шағым жасау кезінде қосымша уақытша және қаржылық шығындарды көтереді.

2020 жылы ЕЭО шеңберінде және ұлттық заңнама шеңберінде (одақтың халықаралық шартына Кеден кодексін енгізу бойынша жұмыстар басталды) кеден заңнамасын жетілдіру бойынша жұмыстар басталды.

Кедендік әкімшілендіруге қатысты шағымдардағы басты мәселе



## ТБЖ ҚОЛДАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ТБЖ халықаралық стандарттарға сәйкес халықаралық сауданы жеңілдетуге, кеден органдары СЭҚ қатысушыларын «төмен» тәуекел санатына автоматты түрде қосу үшін бизнесті ынталандыруға бағытталуы тиіс.

Ал ҚР кеден органдары қолданатын ТБЖ (негізінде селективті (іріктемелі) бақылау қағидаты жатыр) жазалаушы құрал болып қала береді және кедендік ресімдеуді жеделдетуге бағытталмай отыр.

Іс жүзінде адал компаниялар кеден заңнамасын толық сақтауға қанша тырысқанымен, ТБЖ тәуекелінің қандай да бір бейінімен және индикаторымен белгіленген тексерулерге тап болады.

Кедендік тексеру жүргізу тәртібін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленіп, ҚР Парламенті Мәжілісіне жіберілді, аталмыш ұсыныстарды депутаттар қолдады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кедендік реттеу және кәсіпкерлік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңымен (2021 жылғы 5 қантардағы) 119 түзету қабылданды, оның ішінде 111-ін бизнес-қоғамдастық ұсынды, өзгерістер төменде көрсетілген шараларды көздейді:

- кеден ісі саласындағы мемлекеттік қызметтерді цифрландыру;

### «АСТАНА-1» АЖ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ДЕКЛАРАЦИЯЛАУ. ТБЖ

#### Проблемалар:

1. ТБЖ тетігінің ашық болмауы
2. ТБЖ профильдері мен индикаторларын уақтылы өзектендірмеу
3. Субъектке бағдарлану тәсілінің болмауы
4. Бекітілген тәуекелдер бейіндерінің көп саны
5. ТБЖ қолдану мәселелері бойынша бизнес мәселелерін шешудегі бюрократиялық тәсіл

#### Бизнес шығындары:

1. Айналым қаражатын аудару
2. УСК, вагондардың тұрып қалуына байланысты шығатын шығындар
3. Шарттық міндеттемелердің бұзылуы

#### Қолданылған шаралар:

1. Құпия болып табылмайтын ақпарат пен тәуекел дәрежесі өлшемшарттарының тізбесі кеңейтілді
2. Құндық индикаторларды қалыптастыру бойынша Әдістедеме тәуекел бейіндері мен индикаторларын уақтылы өзектендіру
3. Субъектке бағдарлану тәсілі енгізілді
4. Тәуекелдің құндық индикаторларының саны 6 мыңнан 3,4 мыңға дейін қысқартылды
5. МКК төрағасының, ҚР Қаржы министрлігінің МКК, ҰКП және бизнес өкілдерінің қатысуымен «Кедендік құн» Телеграмм-чат жасалды

#### Күтілген нәтиже:

1. Операциялардың қолжетімді әрі ашық болуы
2. Қаржылық жүктемені төмендету
3. Сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету

- кедендік тексерулерді жетілдіру;
- кедендік операцияларды жүргізу тәртібін оңайлату;
- тәуекелдерді басқару жүйесін (ТБЖ) жетілдіру

#### ТБЖ бөлігіндегі түзетулер мыналарды көздейді:

- кешенді көшпелі кедендік тексерулерді тағайындау үшін ТБЖ қолдану арқылы тексерілетін тұлғаларды таңдау тәртібін реттейтін құқықтық актілерді қабылдау бөлігінде уәкілетті органның құзыретін бекіту;
- құпия болып табылмайтын ақпарат тізбесін кеңейту (баға ақпаратын және тәуекелдің құндық индикаторларын қалып-

тастыру әдістемесі);

- құпия болып табылмайтын тәуекел дәрежесі өлшемдерінің тізбесін бекіту.

Кедендік құнның құндық индикаторларының саны 2 есе қысқартылды (6 000-нан 3 400 алынып тасталды).

Кедендік құнды бақылау кедендік бақылау кезеңінен ЭЫДҰ елдерінен әкелінген тауарлар бойынша шығарылғаннан кейінгі кезеңге ауыстырылды.

Қаржы министрлігімен бірлесіп кәсіпкерлер үшін де, кеден органдарының лауазымды тұлғалары үшін де баға ақпаратын қолдану мен тауарлардың кедендік құнын бақылаудың проблемалық мәселелері бойынша әдістемелік құжаттар әзірленді.

#### Жұмыстың бағыты мен проблемалардың шешімі

##### ЕЭО шеңберінде кедендік реттеу мәселелері



## ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕГІ ЖҰМЫС

Пандемия сыртқы экономикалық қызметке шектеу қойды, ҚР кеден органдары тауарларды кедендік ресімдеу кезеңінде де, оларды шығарғаннан кейінгі кезеңде де кедендік бақылауды күшейтті.

ЕЭО-ның сыртқы шекарасы – ҚХР және Өзбекстанмен шекарадағы өткізу пункттерінің бір бөлігі жабылды. Жүк көліктерінің қозғалысы шектелді, көп шақырымдық кептелістер мен кезектер пайда болды.

Отандық тауар өндірушілер өз өнімдерін шетелге жеткізу бойынша жасалған келісім-шарттарды орындай алмады. Қалалар ішіндегі карантин кедендік ресімдеу мен бақылау рәсімдерінің тоқтатылуына себеп болды.

Бизнес-қоғамдастықтың ұсынысы бойынша бірқатар шаралар қабылданды, оның ішінде көшпелі тексерулер тоқтатылды, тексеру құжаттарын қолма-қол тапсыру тоқтатылды, мерзімінде орындалмаған салық міндеттемесінің орындалуын, сондай-ақ салық және кеден берешегін мәжбүрлеп өндіріп алуды қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау тоқтатылды.

Шамамен 11 000 компанияға кедендік декларациялау кезінде импортқа ҚҚС төлеу бойынша кейінге қалдыру ұсынылды.

### ПРОБЛЕМАЛАР



Азық-түлік өнімдерін кедендік ресімдеудің ұзақтығы



Кедендік ресімдеу сатысында жүргізілетін кедендік сараптама санын ұлғайту



Кедендік тексерулер санын ұлғайту



Шекарада кептеліс пен ұзын-сонар кезек орын алды: Қытай тарабы тәулігіне 5-6 көлік қана қабылдады



Кедендік тексеру үшін қажетті құжаттарды дайындаудың мүмкін еместігі

### ҚАБЫЛДАНҒАН ШАРАЛАР

Елге әкелінетін азық-түлік өнімдері үшін «жасыл дәліз» ұйымдастырылды

Барынша төмендету тәсілімен кедендік сараптама түріндегі тәуекел бейіндері жойылды

СЭҚ-қа 1185 қатысушы кедендік бақылау (тексеріп қарау) нысандарын қолданудан босатыла отырып, тауарларды шығару үшін тәуекелдің «төмен» деңгейі санатына жатқызылды

ҰКП араласқаннан кейін Қытай аумағына өткізілетін жүк көлік құралдарының саны тәулігіне 15-40-қа дейін өсті

Көшпелі кедендік тексерулер жүргізу тоқтатылды, ағымдағы жылдың 1 маусымына дейін Кедендік баж және салықтар бойынша берешекті мәжбүрлеп өндіріп алу бойынша шаралар қабылдау тоқтатылды

## БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ

2018 жылы бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары бәсекелестік және бәсекеге қабілетті бизнес саласындағы реформаны көздейді. Реформа экономикада мемлекет пен мемлекеттік монополиялардың қатысуын қысқартуға, бизнесті жүргізу үшін кедергілерді төмендетуге, жеке, әсіресе орта кәсіпорындардың өсуін ынталандыруға бағытталған.

### Мемлекеттің қатысуын қысқарту екі бағытта жүргізілуде:

- квазимемлекеттік сектордың кәсіпкерлік қызметке қатысу негіздерін регламенттеу және қатаңдату;
- жұмыс істеп тұрған квазимемлекеттік сектор субъектілерін жекешелендіру.

## КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАТЫСУ

- ҚР Президентінің 2019 жылғы 3 шілдедегі № 51 Жарлығымен 2021 жылдың соңына дейін квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға мораторий енгізілді;
- 2020 жылғы 29 маусымдағы ҚР Заңымен («Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ахуалды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы») мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуының 7 негізінің 2-і қысқартылды (Кәсіпкерлік кодекстің 192-бабы).
- 2019 жылы «Атамекен» ҰКП монополияға қарсы органмен бірлесіп, мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысуының орындылығы бөлігінде тауар нарықтарына талдау жасады.

Осы жұмыстың нәтижесі бойынша ҚР Үкіметінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 944 Қаулысы қабылданды (Тізбеге түзетулер енгізу туралы), қызметтің 107 түрі алынып тасталды (347-ден 31%-ы):

- Республикалық меншік субъектілері үшін 14 түрі;
- Ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер үшін 93 түрі.

- Тізбеге мемлекеттік кәсіпорындардың қызмет түрлері бойынша қосымша бөлім қосылды (бұрын тізбеде квазимемлекеттік сектор субъектілерінің АҚ және ЖШС нысанындағы қызмет түрлері ғана қамтылған болатын).
- 2020 жылғы 31 желтоқсанда ҚР Президентінің «Бәсекелестікті дамыту жөніндегі мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары туралы» Жарлығы қабылданды. Мемлекет қатысатын нарық субъектілерінің үлесін қысқарту және мемлекеттің экономикалық активтерін басқарудың тиімділігін арттыру басым бағыттар болып айқындалды.

### Осы бағыттағы жұмыс жалғасуда және келесі міндеттерді қамтитын болады:

- бұрын құрылған кәсіпорындардың қатысу негіздерін алып тастау бөлігінде Қазақстан

Анықтама үшін:

ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысымен (әрі қарай – тізбе) көзделген рұқсат етілген қызмет түрлерінің саны 2019 жылғы 1 қаңтарда 347 (Республикалық кәсіпорындар үшін 51 қызмет түрі; коммуналдық кәсіпорындар үшін 22 қызмет түрі; ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер үшін 274 қызмет түрі) құрады.

Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабында көзделген мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысу негіздерін қайта қарау;

- квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің рұқсат етілген түрлерін әкімшілік-

аумақтық бірліктер бөлінісінде (облыс, қала, аудан, ауыл) бәсекелестіктің әртүрлі даму дәрежесін ескере отырып Тізбеде бекіту, сондай-ақ оларды жүзеге асырудың нақты мерзімдерін белгілеу.

## КВАЗИМЕМЛЕКЕТТІК СЕКТОР СУБЪЕКТИЛЕРІН ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ

■ 2016–2020 жылдарға арналған жекешелендіру жоспарында 863 квазимемлекеттік сектор субъектісін жекешелендіру қарастырылған. Ресми түрде жоспар 96,8%-ға орындалды:

- 503 нысан жекешелендірілді;
- 220 нысан таратылды (үш рет жоспарланған сауда-саттық іске аспай қалғандықтан);
- 78 нысан тарату сатысында;
- 62 нысан бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Жоғарыда аталған 503 квазимемлекеттік сектор субъектілерін жекешелендіруден мемлекет кірісіне 534 млрд.теңгеден астам (53 республикалық меншіктен 64,8 млрд теңге, 251 коммуналдық меншіктен 63,8 млрд теңге, 103 ұлттық холдингтер мен ұлттық компаниялардың меншігінен 398,2 млрд теңге, ӘКК-нің 96 объектісінен 7,3 млрд теңге) қаражат түсті.

■ 2019 жылы «Атамекен» ҰКП базасында мемлекеттік органдардың шығыстарын оңтайландыру бойынша жұмыс тобы құрылды (ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары А. Ә. Смайыловтың тапсырмасы бойынша құрылды), онда республикалық меншіктегі 69 кәсіпорынды қысқарту ұсынылды (302 кәсіпорын):

- жекешелендіру – 40 кәсіпорын;
- біріктіру – 50 кәсіпорын (27 нақты қысқарту);
- тарату – 2 кәсіпорын.

ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысымен жекешелендірілетін объектілердің жаңа тізбесі (783 субъект) қабылданды.

Анықтама үшін:

Ұсынымдарды іске асыру кезінде жалпы экономикалық тиімділік (мемлекеттің жекешелендіруден түсетін кірісі және әкімшілік шығыстарды қысқарту) 134,2 млрд теңгені құрайды.

ҚР Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы № 908 қаулысымен жекешелендірілетін объектілердің жаңа тізбесі (783 субъект) қабылданды.

Бұл ретте, мемлекеттік органдардың квазимемлекеттік сектор субъектілерін қысқартуға ынталы емес екені байқалады (соңғысының өзінің тікелей функцияларын ведомстволық бағынысты ұйымдарға беру мүмкіндігіне, сондай-ақ дамыған тауар нарықтарында қызметті жүзеге асыруға байланысты).

Аталған проблема жекешелендіру процесінде де байқалады.

**Осыған байланысты, келесі проблемалық мәселелерді жою бойынша жұмыстар жүргізілуде:**

- кәсіпорындарды жекешелендіру объектілері тізбесіне қосу және алып тастау бойынша шешімдер қабылдаудың ашық болмауы;
- бақыланбайтын акциялар пакетін шығару жолымен мемлекеттік активтерді бақылауды сақтап қалу үшін немесе шаруашылық жүргізуші субъектілерді IPO, ұлттық холдингтердің («ҚТЖ «ҰК» АҚ, «ҚазМұнайГаз «ҰК «АҚ», «Самұрық-Энерго» АҚ және т. б.) периметріне енгізу үшін жекешелендіру тәсілін өзгерту.

■ әлеуетті сатып алушыларға жекешелендіру мәселелеріне жатпайтын қосымша талаптар қоятын шарттар мен талаптарды бекіту, бұл іс жүзінде жекешелендіретін объектінің қымбаттауына әкеледі және жеке кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарына нұқсан келтіреді.

Жекешелендіру әлеуетті инвесторлар, сол сияқты мемлекеттік органдар тарапынан да тепе-тең адал негізде құрылуы тиіс.

Шет елдерде аталған мүдделер қақтығысын болдырмау үшін, сондай-ақ мемлекеттік активтерді барынша тиімді іске асыру мақсатында жекешелендіру процестерін әкімшлендіру үшін және барлық мүдделі тараптар мүдделерінің теңгерімін сақтау үшін тәуелсіз тарапты тартады.

Осыған ұқсас функцияны Қазақстанда «Атамекен» ҰКП жүзеге асыра алар еді, өйткені «Атамекен» ҰКП 5 жылдан астам уақыт бойы бизнес пен мемлекет арасын жалғап тұрған «көпірге» айналды.

## ӘЛЕУМЕТТІК-КӘСІПКЕРЛІК КОРПОРАЦИЯЛАР

2020 жылы түгендеу жұмыстарын жүргізу кезінде коммуналдық меншік субъектілеріне баса назар аударылды, атап айтқанда, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (бұдан әрі – ӘКК) және олардың еншілес ұйымдарының қызметі жеке қаралды.

Талдау барысында ӘКК қызметі қазіргі уақытта жаңа өндірістер құру және бәсекелестікті дамыту арқылы өңірлерді дамытумен емес, өңірлердің қысқа мерзімді әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешумен айналысатын жергілікті атқарушы органдардың шаруашылық басқармасына айналғаны анықталды.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар тұтастай алғанда ӘКК алдында тұрған бастапқы міндеттердің ығысуына және олардың экономикалық көрсеткіштерінің нашарлауына алып келеді.

Бұдан басқа, бүгінде ӘКК қызметі өңірлік бәсекелестікті дамытуға бағытталмайды, керісінше бәсекелестік дамыған жекелеген тауар нарықтарына негізсіз қатысу арқылы оны шектеуге алып келеді.

Талдау қорытындылары бойынша ағымдағы жылғы шілдеде Үкіметке нақты ұсынымдар жіберілді, оның ішінде әрбір ӘКК-ге жеке-жеке егжей-тегжейлі талдау жүргізу, ӘКК қызметіне тұтастай жауапты орталық мемлекеттік органды айқындау және ӘКК қызметі мен даму тұжырымдамасын бекіту бойынша ұсынымдар.

Сонымен қатар, ұсыныстарды Ұлттық экономика министрлігі ӘКК-нің 2021-2025 жылдарға арналған тұжырымдамасының жобасын әзірлеу кезінде ескермеген. Қазіргі уақытта жобаны (2012 жылғы Тұжырымдаманың нақты көшірмесі) мемлекеттік органдар қарап жатыр.

Анықтама үшін:

ӘКК-нің 2018 жылғы шоғырландырылған аудиторлық есептерін талдау мынадай нәтижені көрсетті: 2018 жылдың қорытындысы бойынша елімізде жұмыс істеп тұрған 17 ӘКК-нің 11-і (65%) шығынды болып қалды. Тек «Тараз», «Shymkent», «Алматы», «Павлодар», «Тобыл» және «Astana» ӘКК ғана шығындарды шегергеннен кейін таза пайдаға қол жеткізді.

Тұтастай алғанда, барлық 17 ӘКК-нің 2017–2018 жылдардағы экономикаға жиынтық үлесін теріс деп сипаттауға болады. Осылайша, 2017 жылдың қорытындысы бойынша ӘКК жиынтық түрде 2 348 048 мың теңге, 2018 жылдың қорытындысы бойынша 15 609 260 мың теңге мөлшерінде шығын келтірді.



## РЕТТЕЛЕТІН САТЫП АЛУЛАР

### САТЫП АЛУЛАРДЫҢ ҮЛГІЛІК ШАРТТАРЫ

Бизнес-омбудсмен кеңсесі мемлекеттік сатып алулардың, квазимемлекеттік сектордың жеке-леген субъектілерінің («Самұрық-Қазына» АҚ, «ҚазМұнайГаз «ҰК» АҚ, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ, «Қазақстан темір жолы «ҰК» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп «ҰАК» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС) сатып алуларының үлгілік шарттарына талдау жүргізді. Талдау барысында тараптар мүдделерінің теңгерімін бұзатын, өнім берушілердің, яғни жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделеріне қысым жасайтын көптеген кедергілер анықталды.

Атап айтқанда, шарттар негізінен тапсырыс берушілердің (мемсектор және квазимемлекеттік сектор) құқықтарын қамтиды, өнім берушілерге қосымша міндеттер жүктейді немесе өзге де жолмен оларға қысым жасайды. Мұндай шарттар тең әріптестер арасындағы іскерлік қатынастарға сәйкес келмейді.

#### Шарттардың кемсітушілік шарттарына мыналар жатады:

- жеткізушіге төлемді кешіктіру (тауарларды жеткізгеннен кейін, жұмыстарды, қызметтерді орындағаннан кейін 30 күн ішінде төлеу);
  - шарттың сомасынан 3% мөлшерінде банктік кепілдік (сақтандыру шарты) нысанында өнім берушінің шартты орындауын қамтамасыз ету;
- Жеткізушілердің әртүрлі санаттары үшін, оның ішінде олардың қаржылық тұрақтылық, төлем қабілеттілігі, корпоративтік басқару рейтингтерін ескере отырып, сараланған тәсіл енгізу қажет. Жоғары рейтинг кезінде қамтамасыз етуді енгізу қажет болмауы тиіс.
- өнім жеткізушіге шартта көзделмеген жұмыстарды өтеусіз орындау бойынша міндеттерді жүктеу;
  - жеткізушілерден артық ақпаратты талап ету (оның ішінде жеткізуші, мердігер қызметкерлерінің әрбір лауазымы бойынша төленген жалақы сомасы туралы ақпарат жіберу);

- орындалған жұмыс актілеріне кешіктіріп қол қойғаны үшін тапсырыс берушінің әділ жауапкершілігінің болмауы;
- жеткізушіге жүктелетін жауапкершіліктің жоғары болуы;

Жеткізушінің кінәсінен шарт бұзылған кезде жекелеген шарттар өнім берушіге залал сомасынан артық айыппұл салуды немесе тауар жеткізілмеген (жеткіліксіз жеткізілген) жағдайда, бір мезгілде шарт талаптарын бұзғаны үшін айыппұлды, өсімпұлды, тұрақсыздық айыбын көздейді.

#### Жеткізуші өз міндеттерін бұзғаны үшін жауапкершіліктің жалпы шарасы тапсырыс берушілердің шығындарын өтеу болуы тиіс.

- өнім берушінің залалдарды және тұрақсыздық айыбын өтеу құқығын шектеу;
- Жекелеген шарттарда тапсырыс беруші шартты бұзған жағдайда өнім беруші одан шарттың бұзылуына байланысты туындаған залалдарды және/немесе тұрақсыздық айыбын талап етпеуге міндеттенетіні тікелей көрсетілген.
- тапсырыс берушінің шартты біржақты өзгерту құқығы;
- Жекелеген шарттар тапсырыс берушіге, егер бұған себептер тапсырыс берушінің өзінің кінәсінен туындаса да, жұмыс мерзімдерін ұзартуға немесе қандай да бір себептерді түсіндірместен шарт бойынша тауар көлемін азайтуға құқық береді.
- Сонымен қатар, тапсырыс берушінің осындай әрекеттерінің салдарынан жеткізушінің шыққан шығындарын өтеуді көздейтін жауапкершілік жоқ. Сонымен қатар, жеткізушінің өтемақы алуға құқығы жоқ екендігі нақты көрсетілген.
- егер тапсырыс беруші үшін шартты орындау орынсыз болса, ол үшін шарттан біржақты бас тарту құқығы;
  - тапсырыс берушінің шартты кез келген, тіпті өнім беруші шартты елеусіз бұзған жағдайда немесе өзге де негіздер бойынша бұзу құқығы;

■ арбитражда дауды баламалы шешу мүмкіндігінің болмауы;

■ шарт бойынша ақпараттың құпиялылығы

Осы мәселені шешу үшін Қаржы министрлігіне, Денсаулық сақтау министрлігіне, Самұрық-Қазынаға ұсыныстар жіберілді.

Самұрық-Қазынамен бірлескен талқылаулардың қорытындысы бойынша сатып алу қызметін басқару стандартын және шарттардың кейбір талаптарын түзету бойынша шаралар қабылданды.

#### Атап айтқанда:

■ Енді шарттарда жеткізушілерді жеткізушіні таңдау кезеңінде көзделмеген жұмыстарды орындауға міндеттейтін талаптар көзделмейді.

■ Тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді қабылдау-тапсыру актісіне қол қою мерзімі анықталды (10 жұмыс күнінен аспайды). Уақтылы қол қоймағаны үшін тапсырыс берушінің жауапкершілігі көзделген (әрбір күнтізбелік күн үшін төлем сомасының 0,01% мөлшерінде өсімпұл, бірақ орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының 10%-ынан аспайды).

■ Тауар өндірушілермен шарт жасасу кезінде оларға шарт талаптары бойынша есептелетін өсімпұл мөлшері шарт сомасының 10%-ынан аспауға тиіс.

■ Әлеуетті өнім берушілер алдын ала тапсырыс берушімен тендерлік құжаттаманы талқылап, қандай да бір мәселелер бойынша толық ақпарат ала алады.

■ Жеткізушінің жалақы бойынша ақпарат ұсынбағаны үшін жауапкершілігі алынып тасталды.

■ Шарттардың үлгілеріне, егер шарт тапсырыс берушінің кінәсінен бұзылған жағдайда, өнім берушінің залалдарды өтеуді талап ету құқығы енгізілген.

■ Атап айтқанда, егер өнім беруші кез келген бөгде сот процесіне тартылған жағдайда,

тапсырыс берушінің шартты бұзу мүмкіндігі бар екендігі туралы ережелер алынып тасталды.

■ Шарттың одан әрі орындалуының орынсыздығына байланысты оны біржақты бұзу бөлігінде – өнім беруші өз міндеттемелерін бұзған және/немесе төтенше жағдаймен немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстармен байланысты шығыстардың, персоналдың қысқаруына байланысты мұндай бұзуға жол беретін ережелер енгізілген.

■ Төлем туралы ақпаратты уәкілетті органдар мен ұйымдардың ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін құпия емес және қолжетімді деп тану бөлігінде түсіністікке қол жеткізілді. Өзге құжаттама мен ақпарат құпия болуы мүмкін.

Денсаулық сақтау және Қаржы министрліктері қарсылық білдірген жоқ. Ұсыныстарды іске асыру бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

## МЕМЛЕКЕТТІК САТЫП АЛУЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ТӘЖІРИБЕСІ

Мемлекеттік сатып алуларға қатысты туындайтын даулар санын барынша азайту мақсатында Жоғарғы Сотпен бірлесіп сот тәжірибесін талдау бойынша жұмыс жүргізілуде.

**Жеткізушілерді мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушылары деп тануға қатысты.**

Мемлекеттік сатып алу туралы заң жиынтығында мынадай шарттар болған кезде өнім беруші өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда тапсырыс берушілерге сотқа жүгінбеуге мүмкіндік береді:

■ өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;

- шарттық міндеттемелерді толық орындау;
- тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы.

Басқа жағдайларда жеткізушіні жосықсыз қатысушы деп тану және оны жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізу үшін сот шешімі қажет.

Сот тәжірибесін талдау тапсырыс берушілер заңға қарамастан «сақтану» мақсатында соттарға формальды түрде жүгінуді жалғастырып жатқанын, соның нәтижесінде кәсіпкерлік субъектілеріне қосымша қысым көрсетілетінін, сот жүйесіне артық жүктеме түсіруге ықпал ететінін көрсетті.

Көп жағдайда қабылдау актілеріне қол қойылған, айыппұлдар төленген болып шықты, жеткізушіге қатысты шағымдар мен жағымсыз салдарлар болған жоқ. Мұндай жағдайларда сот шешімі жеткізушілердің пайдасына шығарылды.

Осы проблеманы шешу үшін мемлекеттік сатып алу туралы істер бойынша келісу комиссияларының институтын енгізу ұсынылады, олар тапсырыс берушілер жанынан қалыптастырылуы мүмкін және тапсырыс берушілер мен өнім берушілер арасындағы дауларды сотқа дейінгі тәртіппен қарауы мүмкін.

Келісу комиссиялары жоғарыда көрсетілген шарттардың болғанын немесе болмағанын айқындайтын, сотқа жүгіну қажеттілігінің жоқтығы туралы шешім қабылдайтын болады.

Алдын ала бағалау бойынша, бұл осы істер бойынша сот дауларының санын 30-50%-ға төмендетуге мүмкіндік береді (2020 жылы бірінші сатыдағы соттар мемлекеттік сатып алу туралы 15 599 істі шешім шығара отырып қарады).

#### Шартқа қол қоюдан абайсызда жалтарған өнім берушілерге қатысты

Формальды негіздер бойынша мемлекеттік сатып алу туралы шартқа уақтылы қол

қойып үлгермеген әлеуетті өнім беруші шарт жасасудан жалтарған болып есептеледі және уәкілетті органның шешімі бойынша мемлекеттік сатып алулардың жосықсыз қатысушыларының тізіліміне енгізіледі.

Сатып алу веб-портал арқылы өтеді, тізілім автоматты түрде қалыптастырылады, мерзімдерді өткізіп алудың объективті себептері назарға алынбайды.

Ал бұл өнім берушінің қандай да бір салада үлкен тәжірибесінің болуы, бұрын бірнеше рет сатып алуға қатысуы және өз міндеттемелерін толық көлемде орындауы мүмкін.

Сот шешімдерінен байқағанымыз іс жүзінде қалыптасқан жағдайлардың субъективті жағы, келісімшарттан жалтару ниетінің болмауы, жеткізушінің міндеттемелерді орындау ниеті мен объективті мүмкіндігінің болуы және т. б. ескерілмейді.

**2020 жылы Тізілімге шарт жасасудан жалтарған 2223 әлеуетті өнім беруші енгізілді. Соттардың шешімдерімен тізілімнен 226 (10%) өнім беруші алынып тасталды, негіздемелер арасында мыналар белгіленеді:**

- шартқа қол қою мерзімдеріндегі қызметкерлердің қателері, тәжірибенің жоқтығы, жұмыстағы жүктеменің үлкен көлемі, іссапарлар, уақытша еңбекке жарамсыздық;
- төтенше жағдай және карантин режимін енгізу және жұмыс орнына қолжетімділіктің болмауы;
- әлеуетті өнім берушінің техникалық ақаулары немесе мемлекеттік сатып алу порталындағы ақаулар және т. б.

Бұл жағдайды шешу үшін Тізілімге енгізер алдында хабарлама жасау кезеңін енгізу, сондай-ақ сотқа талап-арыз бергенге дейін Тізілімнен шығару туралы өтініштерді қарау үшін уәкілетті органның жанынан келісім комиссиясын құру ұсынылады.

## «САТЫП АЛУЛАРДЫҢ БІРЫҢҒАЙ ТЕРЕЗЕСІ» ПОРТАЛЫ

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында қойылған негізгі міндеттердің бірі - сатып алулардың ашықтығын арттыру. Осы мақсатта «Сатып алулардың бірыңғай терезесі» порталы әзірленді және кеңінен қолданылады. Бұл цифрлық платформа сатып алулардың транспаренттілігін айтарлықтай арттырады, онлайн режимде мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.

Сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысы бір ресурста елдің барлық мемлекеттік мекемелерінің, жер қойнауын пайдаланушылардың, ұлттық компаниялардың, даму институттарының және аграрлық секторының сатып алу жоспарларын көре алады.

Бизнес 100 мыңнан астам тауарға, жұмыспен қызметке қол жеткізе алады. Бұл барлық алаңдар бойынша белгілі бір кезеңдегі сатып алу көлемін зерделеуге, өңірлер мен тапсырыс берушілер бөлінісінде олардың серпінін қадағалауға, сондай-ақ неғұрлым сатып алынатын тауарларды және олардың баға диапазонын анықтауға мүмкіндік береді.

2020 жылы 9 сатып алу алаңының периметрінде жалпы сомасы 6,4 трлн теңгеден астам сомаға 1 млн 420 мыңнан астам шарт жұмыс істеді. (Мемлекеттік сатып алулар, Бәйтерек, ҚазАгро, ҰАТ АҚ, Қазгеология, Зерде, QazExpoCongress, «Азық-түлік келісім шарт корпорациясы» АҚ, СҚК – 2020 жылы жасалған, қолданыстағы және орындалған шарттардың саны – 1 427 518, сомасы 6 452 897 486 392 теңге.).

«Сатып алулардың бірыңғай терезесі» порталы бағаны көтеру және төмендету тәуекелдерін анықтауға, салалар мен өңірлер бойынша сатып алу динамикасын зерттеуге мүмкіндік береді.

2020 жылдың басынан бастап жүйе ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп белсенді түрде пайдаланылуда. Оқыту курстары өткізілді және Агенттіктің 18 қызметкеріне рұқсат берілді, 15 түрлі есептерден тұратын арнайы дэшборд әзірленді. Порталдың аналитикалық мүмкіндіктерін іс жүзінде қолдану бойынша тәжірибе алмасу тұрақты негізде жүргізіледі.

Мемлекеттік сатып алу мониторингінің нәтижелері бойынша сатып алу алынып тасталды немесе тауарлардың жоспарлы бағасы төмендетілді. Жобаны іске асыру басталғаннан бері нақты үнем 22,8 млрд теңгені құрады.

Сарапшылардың бағалауы бойынша сатып алудағы бюджеттің жыл сайынғы ысырабы кемінде 100 млрд теңгені құрайды.

### Сатып алулардың бірыңғай терезесі



Сатып алу туралы ақпаратқа қол жеткізудің бірыңғай нүктесі



Реттелетін сатып алулар туралы барлық ақпарат



Реттелетін сатып алулардың барлық алаңдарынан алынған ақпарат



Сатып алулар нарығының маркетингтік талдауы және бизнес үшін ТЖҚ-ға бағалық талдау



Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар сатып алуларды анықтау және талдау



Өңір, сала, кәсіпорын, Тапсырыс беруші және Жеткізуші рейтингі

Жаңа құралдарды әзірлеу бойынша жұмыс жалғасуда. Мемлекеттік сатып алудың рейтингтік жүйесі – «Регион ГЗ» таныстырылды. Жүйе түрі әрбір өңір және ұйым тұрғысынан сатып алуды талдауға мүмкіндік береді.

Оның негізі сатып алудың негізгі қағидаттарына – бюджетті оңтайлы және тиімді жұмсауға, отандық бизнесті қолдауға кәсіпкерлерді көптеп тартуға, әділ бәсекелестікті дамытуға және сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға сәйкестігін бағалауға негізделген.

Осы қағидаттарды негізге ала отырып, сатып алулардың тиімділігінің көрсеткіштері әзірленді – бұл «бұзушылық тәуекелдері», «сатып алудың бәсекелестігі», «конкурстық тиімділік», «бір көзден сатып алу» және т.б.

«Бірыңғай сатып алулардың» мүмкіндіктері болашақ сатып алуды тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Осы мақсатта әлеуетті тәуекелдерді бастапқы кезеңге - бюджетті жоспарлау барысына азайту ұсынылады.

Портал базасында бюджеттік өтінімдерді автоматтандыру және нақты нарықты белгілеу арқылы баға комплаенсін қолдану қажет. Мұндай комплаенс үшін қажетті құралдар порталда бар.

Портал әлеуетін Үкіметтің сатып алуды бақылау тетігі ретінде, оның ішінде орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға, квазимемлекеттік ұйымдарға КРІ енгізу арқылы пайдалану ұсынылады.



## ӘКІМШІЛІК-ДЕЛИКТІЛІК ЗАҢНАМАНЫ ЖЕТІЛДІРУ

Әкімшілік жауапкершілікке тартылған кәсіпкерлердің саны жыл санап өсіп келеді, соңғы алты жылда әкімшілік жауапкершілікке тартылғандар саны 2 есе артты.

Анықтама үшін:

Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тіркелген құқық бұзушылықтар саны:

2015ж. - 253 525 іс;  
2016ж. - 319 828 іс;  
2017ж. - 396 002 іс;  
2018ж. - 445 940 іс;  
2019ж. - 501 649 іс;  
2020 ж. - 445 504 іс.

Әкімшілік-деликтілік заңнаманы қолдану тәжірибесін талдау барысында мынадай проблемалық мәселелер анықталды:

■ айыппұлдардың мөлшерлес болмауы (кәсіпкерлік субъектілерінің санаттары, қоғамдық қауіптілік, қайталану бойынша) және заң жобаларын әзірлеу кезінде санкциялар мөлшерін айқындауда бірыңғай тәсілдің (әдістеменің) болмауы;

■ жалпы нормативтік құқықтық ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілікті көздейтін әкімшілік құқық бұзушылықтардың ресми құрамының болуы (ережелерге, талаптарға сілтемелер және т.б.).


Әкімшілік жазаларды белгілеу өлшемдері және олардың мөлшері жоқ. Жауапкершілікті енгізу және / немесе қатаңдату құқық қолдану тәжірибесіне, жазаға байланысты емес шаралардың тиімділігі төмен болу себептеріне тиісті талдау жүргізбестен жүзеге асырылады.

Құқық бұзушылықтарға қатысты өндіріп алудың салдарларын болжау және мөлшерлестігін бағалау бойынша жұмыс жүргізілмейді. Соның салдарынан айыппұл мөлшерін анықтауда субъективті тәсіл жиі қолданылады.

Мәселе бірыңғай тәсілдің (әдістеменің) болмауында, бұл айыппұл санкцияларының мөлшерлес болмауына, оның ішінде олардың шамадан тыс репрессивтілігіне алып келеді.

Айыппұлдардың мөлшерлестігі мәселесі ӘҚБтК-нің формальды баптары болып табылады, онда құқық бұзушылықтың нақты

Бизнес субъектілеріне қатысты бұзушылықтар



Анықтама үшін:

---

ӘҚБТК-нің 425-бабы «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарын, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу» бойынша айыппұл санкциялары 8-13 есеге ұлғайды, мөлшері 230 АЕК-тен 1600 АЕК-ке дейін құрайды (түзетулер 2018 жылғы 5 қазанда енгізілді, 2019 жылғы 11 сәуірде қолданысқа енгізілді).

Мұндай санкциялар қоғамда резонанс тудырды, әсіресе 2020 жылы пандемия басталғанда анық көрініс тапты.

---

құрамы жоқ, ал жауапкершілік жалпы Ережелерді, талаптарды және т.б. бұзғаны үшін туындайды, яғни осындай құжаттардан туындайтын кез келген ықтимал бұзушылық үшін жауапкершілік туындайды.

Нормативтік құқықтық ережелер немесе заңнаманың өзге де талаптары көптеген міндеттемелер мен талаптарды (1000-ға дейін), оның ішінде адамның немесе қоршаған ортаның қауіпсіздігіне байланысты емес талаптарды қамтиды, осы аталғандар үшін бір ғана санкция көзделген.

Бұл талаптарды бұзу ӘҚБТК-нің 425-бабы бойынша жауаптылыққа әкеп соғады.

Мемлекет басшысы 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында «Шешім заң қолданушыларға ыңғайлы

болу тұрғысынан қабылданады. Сондықтан «әкімшілік» және «қылмыстық» құқық бұзушылықтың жаңа ұғымын қалыптастыру керек. Қоғамға және заң қауымдастығына құқық бұзушылық үшін жаза белгілеудің қисыны түсінікті болады» деген болатын.

ӘҚБТК-нің жоғарыда көрсетілген проблемалық мәселелерін ескере отырып, Әкімшілік құқық бұзушылықтың жаңа ұғымын, оның өзіне тән белгілерін әзірлеу ӘҚБТК нормаларын жетілдіру жөніндегі жұмысты жүргізгеннен кейін мүмкін болады, атап айтқанда құқық бұзушылықтар құрамын қайта қарау және қысқарту, өндіріп алу тиімділігіне талдау жүргізу, оларды белгілеу және тәсілдерді әзірлеп, қолданысқа беру.

Бұл ретте бұзушылықтарды қылмыстық заңнама ұқсастығына қарай (онша ауыр емес,

Анықтама үшін:

---

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы және гигиеналық нормативтер саласында тексеру парақтарында 1700-ден астам талап бар - болмашы талаптардан (қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға арналған қақпағы бар контейнерлердің болуы) дәрекіге дейін (шикізат пен өнімнің қауіпсіздігін куәландыратын құжаттардың болуы) 60-қа жуық гигиеналық нормативтер белгіленген.

Бұл талаптарды бұзу ӘҚБТК-нің 425-бабы бойынша жауаптылыққа әкеп соғады.

---

ауыр және аса ауыр), өзіне тән белгілерін ескере отырып, елеусіз, елеулі және өрескел санаттарға бөлуді көздеу орынды.

ӘҚБтК-де айыппұлдардың баламалы мөлшері («шанышқы» деп аталатын) болмағандықтан, ұсынылып отырған тәсіл құқық бұзушылықтар санатына қарай санкциялар мөлшерін белгілеуге мүмкіндік береді.

Бұл ұсыныстар Әділет министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен талқылау және олар бойынша шаралар қабылдау үшін жіберілді, жұмыс топтары шеңберінде жұмысты жалғастыру күтілуде. Ұсыныстар 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасының жобасында көрініс тапты.

## ПАНДЕМИЯ КЕЗЕҢІНДЕ САЛЫНҒАН АЙЫППҰЛДАР

Төтенше жағдай енгізілгеніне 2 ай толмай жатып ӘҚБтК-нің 476-бабы бойынша «ТЖ режимін бұзу» бойынша 1 244 тұлға, оның ішінде 160 заңды тұлға және жеке кәсіпкер жауапкершілікке тартылды. Осы баптың санкциялары ескерту жасауды не 10 АЕК мөлшерінде айыппұл салуды немесе 15 тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамауға алуды көздейді.

Қамауға алу коронавирустық инфекцияның таралуы үшін қосымша жағдай туғызатынын назарға ала отырып, бизнес-омбудсмен ІІМ мен Жоғарғы Сотқа азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қамауға алуды барынша аз қолдану туралы өтініштер жіберді. Ұсыныстар қолдау тапты, елеусіз құқық бұзушылық жасаған кәсіпкерлерге қатысты ескерту және айыппұл салу сияқты шаралар жиі қолданыла бастады.

ТЖ режимінің тоқтатылуымен карантинді бұзушыларға ӘҚБтК-нің 462-бабының 3-бөлігі «Мемлекеттік инспекциялар мен мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары өздерінің құзыреті шегінде берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, ұсынуларды, қаулыларды орындамау немесе тиісінше орындамау» қолданылды. 2020 жылғы шілде айының басында осы норма бойынша 263 кәсіпкерлік субъектісі (оның ішінде 7 ЖК) жауапкершілікке тартылды.

2020 жылғы шілдеден бастап уәкілетті органдар ӘҚБтК-нің «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарын, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу» 425-бабын қолдана бастады. Жарты жыл ішінде (2020 жылғы шілде-желтоқсан) жауапкершілікке 31 444 тұлға тартылды, оның ішінде жеке тұлға – 27 790 адам (88%), 2 754 жеке кәсіпкер (9%) және 900 заңды тұлға (3%).

Уәкілетті органдармен бірлесіп, бетперде режимін бұзғаны үшін кәсіпкерлер мен жеке тұлғалар (клиенттер мен қызметкерлер) арасындағы жауапкершілікті шектеу тәсілдері әзірленді. Осының арқасында кәсіпкерлерге салынатын айыппұлдар азайтылды (құқық бұзушылардың жалпы санының 12%).



## ТӨРЕЛІК ЖӘНЕ МЕДИАЦИЯ

### УӘКІЛЕТТІ ОРГАННЫҢ КЕЛІСІМІ

«Төрелік туралы» заңда бір жағынан ҚР жеке және/немесе заңды тұлғалары, екінші жағынан мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік ұйымдар арасындағы дауды төрелікте қарау үшін салалық министрліктің келісімін алу қажеттігі туралы талап қамтылған. Келісім алу туралы сұрау салуда төрелік талқылауға шығатын шығыстардың болжамды сомасы көрсетілуі тиіс. Сұрау салуды қараған кезде мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі мен мүдделері ескерілуі тиіс (8-б.10-т.).

Іс жүзінде келісім алу процедурасы екіұшты. «Төрелік туралы» Заң әрекет еткен төрт жылда осындай келісім алуға қатысты бірлі-жарым ғана өтініш түскен, берілген келісім саны да саусақпен санарлық қана.

Ал төрелік талқылауға шығатын шығыстардың болжамды сомасын көрсету туралы талапты орындау қиын, өйткені төрелік келісім жасасу кезеңінде мұндай сомаларды болжау мүмкін емес. Сонымен қатар, келісім беру мүмкіндігін қарастыру кезінде заңда белгіленген мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі мен мүдделерін дұрыс бағалау туралы түсінік жоқ.

Төрелікке жүгіну және оның артықшылықтарын пайдалану мүмкіндігін шектеу, оның ішінде икемділік, төмен шығыстар және жеделдік бөлігінде квазимемлекеттік ұйымдардың нарықтық позициясын айтарлықтай шектейді.

Сонымен қатар, квазимемлекеттік ұйымдармен жасасқан шарттың тарабы ретінде және ықтимал инвесторлар ретінде жергілікті жеке компаниялар да төреліктің артықшылықтарын пайдалана алмайды.


Қазіргі уақытта заңнамалық актілерде («Астана» халықаралық қаржы орталығы туралы) Конституциялық заңда, «Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер пала-

тасы туралы» заңда) АХҚО органы ретінде халықаралық төрелік орталығын, сондай-ақ ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы жанынан төрелік (төрелік орталық) құру көзделген.

Осы төреліктер құрылған ұйымдардың (АХҚО және ҰКП) мәртебесі, олардың қоғамдық маңызы бар және коммерциялық емес сипаты мемлекет тікелей немесе жанама қатысатын ұйымдардың қатысуымен дауларды қарауға төреліктің уәкілетті органның келісімін алуы бөлігінде «Төрелік туралы» заңда белгіленген шектеулерді алып тастауды қажет етеді.

АХҚО және ҰКП жанындағы төреліктердің тәуелсіз мәртебесі, жоғары білікті төрешілердің тізілімі бар, осы төреліктерде дауларды қарау халықаралық стандарттарға сәйкес келетін регламенттер негізінде жоғары кәсіби деңгейде жүргізіледі.

#### Дауларды төрелік шешуге мемлекеттік және квазимемлекеттік ұйымдардың қатысуына келісім беруге қатысты



## ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ТӨРЕЛІКТЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Соңғы жылдардағы тәжірибе төреліктерді құру мен олардың жұмысын құқықтық реттеу саласындағы бірқатар кемшіліктерді анықтады. Сонымен, Ресей заңынан айырмашылығы Төрелік туралы заңда төрешілер тізіміне енгізілген төрешілердің сандық және сапалық құрамына қатысты ешқандай талап жоқ.

Қазақстан Заңының мұндай бейілділігі белгілі бір коммерциялық ұйымдардың жанынан құрылатын және осы ұйымдардың пайдасына шешім шығаратын жосықсыз төреліктердің пайда болуына әкеп соғады.

Төреліктердің дауларды төрелік ескертпесі болмаған кезде де қарауы, белгілі бір істің мүдделері үшін олардың ережелерін өзгерту, төрелік басшыларына төрелік шешімдерді жою, 10-20 түрлі іс бойынша бір шешім шығару өкілеттіктері берілген жағдайлар бар.

Қажетті құзырет пен тәжірибенің, төрелік басшылары мен төрешілердің өз беделіне деген қамқорлықтың болмауы кәсіби емес тәсілдің себебі болып табылады.

Қазақстанда мемлекеттік органдарда төреліктерді есепке алу жүйесі жоқ. Қазіргі уақытта төреліктердің санын, сондай-ақ олар шығарған шешімдердің нақты санын ешкім білмейді. Көбінесе шарттың тараптары шартта көрсетілген төрешіні таба да алмай қалады.

Төрелік талқылауларды жүргізу сапасын арттыру, төреліктердің қызметін ретке келтіру үшін төрешілерге және тұрақты жұмыс істейтін төреліктерге құзыреттері мен жұмыс тәжірибесі бойынша талаптарды заңнамалық тұрғыдан белгілеу, олардың есебі мен ашық есептілігін енгізу қажет.

«Атамекен» ҚР ҰКП кәсіпкерлік ортадағы даулар (жанжалдар) бойынша медиативтік рәсімдерді іске асыру жобасын бастады. «Халықаралық құқық қорғау орталығы» РҚБ медиация орталығымен бірлесіп «Атамекен» ҚР ҰКП және өңірлік палаталар жанынан медиация кабинеттері ашылуда. ҰКП және ӨКП сарапшылары медиаторлар курсынан өтіп, бизнес саласында кәсіби негізде медиация қызметтерін көрсетіп жатыр.

### Тұрақты жұмыс істейтін төреліктер үшін ұсынылатын талаптар:

1.	төрешілер тізілімінде азаматтық құқық, немесе азаматтық процесс бойынша ғылым докторы/ғылым кандидаты/PhD ғылыми дәрежесі бар кемінде 3 адамның болуы
2.	төреліктің бірінші басшысында және оның орынбасарында жоғары заң білімінің және коммерциялық айналым саласындағы заң мамандығы бойынша кемінде 10 жыл жұмыс өтілінің немесе ғылым докторы/ғылым кандидаты/PhD ғылыми дәрежесінің болуы
3.	төрешілердің 3 төреліктен аспайтын тізілімде болу мүмкіндігі
4.	төрешілер тізіліміне 20-дан кем емес төреші қосу
5.	төреліктің өз сайтында жыл сайынғы есепте шығарылған шешімдер, күшін жою негіздерін көрсете отырып, шешімдердің күшін жою, тартылған төрешілердің саны туралы ақпаратты жариялауы
6.	төреліктің атауында талқылаудың әлеуетті тараптарын жаңылыстыруы мүмкін, оның ішінде төрелікті сот органдарымен араластыру арқылы немесе жосықсыз бәсекелестік сипаты бар атауларды пайдалану мүмкіндігін болдырмау
7.	Қазақстанның Төрелік палатасы төреліктердің белгіленген талаптарға сәйкестігін тексергеннен және төрелікті Тізілімге енгізгеннен кейін ғана төреліктің өз жұмысын бастау мүмкіндігі
8.	Қазақстан Төрелік палатасының жоғарыда көрсетілген талаптардың орындалуын бақылауы

## МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРМЕН ӨЗАРА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Бизнесті жүйелі түрде қорғау мақсатында бизнес-омбудсмен кеңсесі мен Ұлттық кәсіпкерлер палатасы тұрақты негізде бірқатар мемлекеттік органдармен: Бас прокуратурамен, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен, Жоғарғы сотпен және т. б. кешенді іс-шаралар өткізеді.

Атап айтқанда, прокуратура органдары заңдылықты, оның ішінде кәсіпкерлік саласындағы заңдылықты қамтамасыз етудің кең құралына ие, сондықтан бизнес-омбудсменнің қызметі осы бағыттағы жүйелі жұмысқа (әріптестік қатынастарды құру, бизнестің жүйелі проблемаларын анықтау мен шешу), сондай-ақ кәсіпкерлерді нақты қолдауға бағытталған.

2016 жылдан бастап Бас прокуратурамен бірлесіп 5 форум өткізілді, Жол карталары шеңберінде кәсіпкерлердің құқықтарын мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың қызметіне негізсіз араласудан қорғауға бағытталған 90-нан астам бірлескен іс-шаралар іске асырылды.

Бұл іс-шаралар мобильдік топтардың өкілеттіктерін күшейтуді, дауларды сотқа дейін қарау бойынша келісім комиссияларын қалыптастыруды, жерді пайдалануға, қала құрылысы құжаттарын әзірлеуге және бекітуге мемлекеттік бақылауды күшейтуді, мемлекеттік

кәсіпорындардың қызмет түрлерінің тізбесін қысқартуды және т. б. қамтиды.

Прокуратура органдарының қолдауымен қылмыстық заңнаманы жетілдіру бойынша шаралар қабылдануда. Қылмыстық кодексті ізгілендіру және құқық бұзушылықтар туралы хабарламаларды тіркеу ережелеріне (БП бұйрығы) түзетулер енгізу нәтижесінде 2015 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде экономика саласындағы қылмыстық істерді тіркеу 6 есе қысқарды (2015 жылғы 8170 істен 2020 жылы 1297 іске дейін).

Кәсіпкерлерді рейдерліктен және заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі келтіруден қорғау тетіктерін жетілдіру, бизнесті қорғау үшін прокуратураның өкілеттіктерін күшейту бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп, 2016 жылдан бастап жол карталарын қабылдай отырып, 4 бірлескен республикалық форум өткізілді, оған шамамен 90 іс-шара кіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг, соның ішінде субсидиялау, жер қатынастары, құрылыс және т.б. мәселелері бойынша мониторинг жүргізілуде, сатып алудағы тәуекелдерді талдау және жолын кесу үшін «Сатып





алулардың бірыңғай терезесі» порталы белсенді пайдаланылады.

«Protecting business and investments» жобалық кеңселерінің жұмысына белсенді қатысу жолға қойылған, 2020 жылы бизнесті сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеу бойынша 200-ден астам келісімге қол қойылды.

Жоғарғы Сотпен 3 форум өткізілді (2017 жылдан бастап), бірлескен жоспарларда 60-қа жуық іс-шара қарастырылған. Олар құқық қолдану және сот практикасын, оның ішінде салық салу, жер қойнауын пайдалану, кедендік реттеу, монополияға қарсы реттеу салаларында бірлесіп талқылауды қамтиды.

Сот жүйесінде жасанды интеллект жүйесі әзірленді, судьяларды оқыту курстары ұйымдастырылды, Жоғарғы сотпен және басқа да мемлекеттік органдармен бірлесіп Салық кодексіне түсініктеме әзірленді.

2021 жылғы 16 маусымда ҚР Қаржы мониторингі агенттігі, «Атамекен» ҚР ҰКП және Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл арасында ынтымақтастық туралы келісім жасалды. Мұндай өзара іс-қимыл мемлекет пен бизнес арасындағы диалогты одан әрі дамытудың маңызды факторларының бірі болады.



## СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Бизнес-омбудсменнің кеңсесі, «Атамекен» ҰҚП және Жоғарғы Сот жасанды интеллекті енгізу бойынша бірлескен жобаны жүзеге асыруда.

Жобаны іске асыру үшін Қазақстан-Британ техникалық университетінің Жасанды интеллект зертханасының мамандары тартылды.

Жобаны әзірлеудің мақсаты IT-саласындағы соңғы жетістіктерді пайдалана отырып, халықты сот істерінің нәтижелерін іздеу және бағалау бойынша сапалы құралмен қамтамасыз ету болып табылады. Бұл талап-

керге сотқа жүгінудің сәттілік ықтималдығын болжауға және соның негізінде мәселені сотқа жеткізбестен шешім қабылдауға мүмкіндік береді.

Жүйеге барлық инстанциялардың 1,2 млн-нан астам сот актілері және 120 мыңнан астам талап арыздар жүктелді. Жүйе жұмысының алгоритмі жүктелген сот актісін тазартудан және онда «басты» сөздерді бөлуден тұрады, олар өз кезегінде сандарға аударылады және санаттарға бөлінеді, санға аударылған басты сөздер арқылы арнайы оқытылған модель қажетті сот актілерін іздеп табуға көмектеседі.

Сот шешімдерін іздеу және болжау бойынша жасанды интеллекті енгізу



### Ағымдағы нәтиже

Жүйеге **1,2 млн-нан** астам барлық сатыдағы сот актілері, 2016-2018 жж. **120 мың** талап-арыз жүктелді

Соттарға түсетін жүктеме төмендеді **(-10%)**

Медиаторлық рөлі күшейді **(-5%)**

Тараптардың сот талқылауларына жұмсайтын уақытын үнемдеу **(-10%)**

### Соңғы нәтиже

IT-саласындағы соңғы жетістіктерді пайдалана отырып, сот істерінің нәтижелерін іздеу және бағалау бойынша сапалы құрал жасау

Халықтың уақытша және материалдық ресурстарын оңтайландыру

Сот жүйесіне деген сенімді арттыру, бұл ұзақ мерзімді әлеуметтік пайда болып табылады

Жүйе өзгеріп жатқан заңнамаға бейімделетін болады. Заңнамалық база мен судьялар тәжірибесіндегі өзгерістерді ескере отырып, әрбір 10 мың акт сайын автоматты түрде қайта оқыту және сот істері нәтижесінің өзекті өлшемшарттарын қалыптастыру жүргізілмек.

Жүйе шешім қабылдау барысында судьялардың көмекшісі болады, ал азаматтарға талап-арыздың перспективаларын көруге мүмкіндік береді. Жүйе, бірінші кезекте, нақты істер бойынша ЖС бар қаулыларын, сондай-ақ ЖС нормативтік қаулыларын негізге ала отырып, болжам жасауды қалыптастырады.

Осылайша, тәжірибе ЖС қаулыларымен расталған «эталондық» немесе «дұрыс» сот актілерінің негізінде қалыптастырылады.

Жүйені енгізу халықтың уақытша және материалдық ресурстарын оңтайландыруға көмектеседі және соттарға түсетін жүктемені төмендетуге мүмкіндік береді. 2021 жылы жүйені пилоттық режимнен толыққанды пайдалануға көшіру жоспарлануда.

## ШАРТТАР МЕН ТАЛАПТАР КОНСТРУКТОРЫ

Кәсіпкерлерге практикалық құқықтық көмек көрсету үшін «Құжаттар конструкторы» ақпараттық жүйесі әзірленді<sup>1</sup>.

Жүйеде 100 ең танымал келісімшарт үлгісі және 100 талап арыз, сондай-ақ кеңестер мен түсініктемелер бар. Бұл шағын бизнеске күнделікті жұмысында заңды түрде тексерілген құжаттарды (сату, жеткізу, еңбек келісімшарттары, құрылтай құжаттары және т.б.) пайдалануға, сондай-ақ

талап қою құжаттарын (өтініштер, шағымдар, сот органдарына пікірлер және т. б.) дайындауға мүмкіндік береді.

Тәжірибесі мол заңгерлер дайындаған шаблондарды пайдалану бизнеске кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде заңды тәуекелдерді жоюға көмектеседі.

2017 жылы жұмыс басталғаннан бері ақпараттық жүйеге 3 398 адам кірді.



<sup>1</sup> Құжаттар конструкторы  
[contract.atameken.kz](http://contract.atameken.kz)

## КОНСУЛЬТАТИВТІК-КЕҢЕСШІ ОРГАНДАРҒА ҚАТЫСУ

Бизнесті ұсыну және кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау үшін бизнес-омбудсмен шешімдері бизнеске әсер ететін әртүрлі консультативтік-кеңесші органдардың, атап айтқанда, Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің, ҚР Президенті жанындағы Сыбайлас жемқор-

лыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссияның, Құқық қорғау және сот жүйелерін реформалау жөніндегі жұмыс топтарының, мемлекеттік органдардың қоғамдық кеңестерінің, ведомствоаралық комиссиялардың және т. б. жұмысына қатысады.

## ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СОТ ЖҮЙЕСІН РЕФОРМАЛАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

Бизнес-омбудсмен Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру үшін құрылған Құқық қорғау және сот жүйесін реформалау жөніндегі комиссия жанындағы жұмыс топтарының құрамына енгізілді.

**Құқық қорғау жүйесін реформалау жөніндегі жұмыс тобы екі мәселеге баса назар аударып отыр:**

■ прокуратура органдарының азаматтар мен кәсіпкерлік субъектілерінің құқықтарын қорғау жөніндегі қадағалау функцияларын күшейту;

■ жергілікті полиция қызметін реформалау (сервистік модельді дамыту) және ІІМ-н бейінді емес функциялардан босату.

Талқылау қорытындысы бойынша прокуратура органдарының қадағалау функцияларын күшейту тәсілдері әзірленді. Атап айтқанда:

- прокуратура органдары кәсіпкерлік субъектілерінің өтініштері бойынша тексеру жүргізуді тағайындауға құқылы (қазір олар 3 санатпен шектелген – өздерін қорғай алмайтын адамдар, шектелмеген адамдар тобы, сондай-ақ адамдардың өмірі мен денсаулығына не мемлекет қауіпсіздігіне зиян келтірудің алдын алу).
- қылмыстық қудалау органының кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне ревизия және тексеру жүргізу туралы талабы прокурормен келісілуге тиіс;

- прокурордың келісімімен мүлікпен жасалатын мәмілелер мен өзге де операцияларды тоқтата тұру жүргізіледі (соттың санкциясын алғанға дейін, 10 тәуліктен аспайтын мерзімге, осы мерзім өткеннен кейін және соттың санкциясын алмаған жағдайда шектеулерді автоматты түрде алып тастау);

- прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуының заңдылығын тексеріп, сотқа дейінгі тергеп-тексерудің қисынды мерзімін белгілеуге құқылы;

- егер алып қоюға жататын заттар мен ақпарат тасығыштарда коммерциялық құпия болса, тергеу судьясының санкциясын алу қажет (түзетулер бухгалтерлік қызмет және қаржы қаражатының қозғалысы туралы мәліметтері бар ақпараттық бағдарламалары бар компьютерлерді алып қою жағдайларын болдырмауға бағытталған);

- санкцияланбаған тексеру, тінту және алу туралы шағымдар оларды алған сәттен бастап үш тәулік ішінде қаралуға жатады (бизнес тарапынан да, азаматтардың басқа санаттары тарапынан да заңсыз тексеру, тінту және алу туралы шағымдарға неғұрлым жедел ден қою үшін).

ІІМ-н реформалау, талқылау сатысында бейінді емес функциялардан босату жөніндегі ұсыныстар. Құқық қорғау жүйесін реформалау жөніндегі шараларды іске асырудың 2021 жылға арналған жоспары қабылданды.

### Реформа бойынша жұмыс тобы келесі ұсыныстарды мақұлдады, атап айтқанда:

- банктік, сақтандыру, салықтық, кедендік даулар, сондай-ақ бәсекелестікті қорғау саласындағы, табиғи монополиялар субъектілерімен, жер құқығы қатынастары саласындағы, қаржы секторындағы даулар бойынша сотқа дейінгі міндетті тәртіпті белгілеу, жеке сот орындаушыларының әрекеттеріне шағым жасау;
- оңайлатылған іс жүргізудегі даулар санатын (жалпы тәртіптен көшу, ерекше іс жүргізуден көшу), оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу үшін істер санатын кеңейту;
- мемлекеттік баж мөлшері арасындағы оңтайлы теңгерімді анықтау, атап айтқанда елеусіз даулар бойынша;
- сот ісін жүргізуге қатысушылар ретінде құқықтанушыларды, салалық және коммерциялық емес ұйымдардың мамандарын тарту;
- медиация институтын дамыту;
- барлық бақылаушы мемлекеттік органдарға Қаржы министрлігінің апелляциялық комиссиясының тәжірибесін тарату;
- АПК және ӘРПК қағидалары бойынша қаралатын инвесторлардың қатысуымен даулардың соттылығы мен инстанцияларын қайта қарау;
- «Соттың Смарт талдауы» жүйесін толыққанды пайдалану және оны одан әрі дамыту үшін Жоғарғы Соттың материалдық-техникалық, қаржылық базасын күшейту.

Бірқатар мәселелерді 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасын әзірлеу шеңберінде талқылау ұсынылды (кассациялық шешімдер преюдициясын енгізу, төрелік саласын кеңейту), Әділет министрлігі Тұжырымдама жобасы бойынша жұмыстар жүргізуде.

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ

Бизнес-омбудсмен Комиссияның талқылауына Комиссияның 2020 жылға арналған жұмыс жоспарына енгізілген мәселелер бойынша, оның ішінде мемлекеттік бақылау мен қадағалауды одан әрі жетілдіру, жер ресурстарын басқару, пайдалану және қорғау тиімділігі және т. б. мәселелер бойынша ақпарат пен ұсыныстар енгізді.

Комиссияның 2021 жылға арналған жұмыс жоспарында бизнес-омбудсменнің кеден саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесін қарау туралы ұсыныстары ескерілген.




## ӨҢІРЛІК КЕЗДЕСУЛЕР

2019 жылдан бастап бизнес-омбудсменнің жұмыс тәжірибесіне облыстардың әкімдіктерімен жол карталарын жасасу енгізілді, мұндай карталарға Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қызылорда, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар және Маңғыстау облыстарында қол қойылды.

Өңірлерде кәсіпкерлер көтерген проблемалық мәселелер негізінде жасалған, оның ішінде жер учаскелерін аукциондарға қою рәсімдері мен мерзімдері; жер учаскелері туралы ақпа-

ратты жариялау; қатты тұрмыстық қалдықтар полигондары бойынша жобалық құжаттаманы әзірлеуге бюджеттік өтінімдер және т. б. бойынша 70-тен астам іс-шара көзделген.

2020 жылы бұл жұмысқа облыс прокуратуралары қосылып, бизнес-омбудсмен, Жамбыл облысының әкімі мен прокуроры, Өңірлік кәсіпкерлер палатасы, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі мен прокуратурасы арасында жол карталарына қол қойылды.



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Кәсіпкерлік мүдделерін қорғау халықаралық деңгейде де жүргізіледі. Шетелде жүрген кәсіпкерлеріміз қиын жағдайға тап болса, көмек қолын созуды басты міндетіміз деп санаймыз. Осыған байланысты бизнес-омбудсмен Ресей, Өзбекстан және Грузия бизнес-омбудсмендерімен өзара көмек және ынтымақтастық туралы келісімдерге қол қойды. Қол жеткізілген уағдаластық арқасында көптеген проблемалық мәселелер шешіледі.

Мысалы, Қазақстан аумағында төтенше жағдай енгізілген кезеңде біздің жүк тасымалдаушыларға Ресей Федерациясының шекарасы арқылы өту тәртібі туралы нақты және анық ақпарат қажет болды. Қорған, Түмен және Омбы облыстарының уәкілдерінен жедел түрде ақпарат алынды. Бұл біздің тасымалдаушыларымыздың логистикалық бағыттарын түзетуге, сондай-ақ қаражаты мен уақытын үнемдеуге мүмкіндік берді.

Солтүстік Осетия – Алания Ресубликасының бизнес-омбудсменімен телефон арқылы сөйлесу барысында Ресей Федерациясы арқылы транзиттік тауарларды тасымалдауға қатысты сыртқы экономикалық қызмет мәселелері бойынша жедел құқықтық көмек көрсетілді.

РФ Президенті жанындағы Кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкілге ҚР Солтүстік Қазақстан облысы мен РФ Қорған облысындағы шекара маңы бекеттерінің өткізу қабілеті мәселесін шешуге көмек көрсету туралы өтініш жіберілді.

Алтай өңірінің бизнес-омбудсмені бейнеконференцбайланыс арқылы Барнаул қаласында сот отырысын өткізуді ұйымдастыруға жәрдем көрсетті. Осылайша карантиндік шектеулер жағдайында қазақстандық кәсіпкер сотқа онлайн режимде қатысуға қол жеткізді.

Татарстан Республикасының омбудсмені біздің өңірдің малшыларына қылмыстық іс бойынша ақпараттық-құқықтық көмек көрсетті. Татарстан Республикасы ИМ мәліметінше, қылмыстық іс бойынша куәгерлерден жауап алынды, Ресей Федерациясының қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу кодексінә сәйкес тінту жүргізілді, кәсіпкерлік субъектілерінің бастапқы бухгалтерлік

құжаттары, сондай-ақ ұйымның есеп айырысу шоттары бойынша үзінділер алынды, құжаттар тексерілді, халықаралық тапсырма жіберілді.

Өзбекстанның бизнес-омбудсменімен келісім шеңберінде аппараттар арасында атқарушылық іс жүргізуді іске асыру кезінде өзара көмек көрсету бойынша жұмыс және келісім-шарттық міндеттемелерді орындауға жәрдемдесу жолға қойылған.

2020 жылы бизнес-омбудсменнің атына басқа елдердің кәсіпкерлерінің мүддесін қорғауды сұрап 10 өтініш келіп түсті, оның ішінде 6 – Ресей Федерациясы, 4 – Өзбекстан.

Қазақстан кәсіпкерлерінен Қазақстанның бизнес-омбудсмені атына 6 өтініш келіп түсті, оның 5-уі – ресейлік компаниялармен, 1-уі-қырғызстандық компаниямен жасасқан ынтымақтастықтан туындайды.

2020 жылдың шілдесінде Қазақстанның бизнес-омбудсмен кеңсесінің өкілі «Бизнесті қорғау. Серіктестік эволюциясы» (Башқұртстан Республикасы, Уфа қ.) форумының қатысушыларына пандемия кезінде бизнесті қолдау бойынша қабылданып жатқан шаралар туралы, оның ішінде ТЖ-ды форс-мажорлық жағдай деп тану бойынша заңнамалық түзетулер, айыппұлдар мен қамауға алу бойынша әкімшілік практикаға енгізілген түзетулер және т.б. туралы хабарлады.



## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЙТИНГТЕР

### DOING BUSINESS

Дүниежүзілік Банктің «Doing Business 2020»<sup>1</sup> рейтингінде Қазақстан өз рейтингін өткен жылмен салыстырғанда 3 тармаққа және 2016 жылмен салыстырғанда 26 тармаққа жоғарылатып, 25-орынды иеленді.

Қазақстан ТМД елдері арасында көш бастап тұр. Сонымен қатар, ол Исландияны (26 орын), Австрияны (27 орын), Жапонияны (29 орын), Испанияны (30 орын) және т. б. басып озды.

Рейтингтің басында Жаңа Зеландия тұр, көшбасшылардың оңдығына Сингапур, Гонконг, Дания, Оңтүстік Корея, АҚШ, Грузия, Ұлыбритания, Норвегия, Швеция кірді.

10 базалық көрсеткіштен Қазақстан 3 көрсеткіш бойынша өз позициясын жақсартты («Кәсіпорындарды ашу «(+14),» Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу» (+9) және «Несие алу « (+35)). 2016 жылғы рейтингпен салыстырғанда 10 индикатордың 8-і бойынша оң динамика байқалады.

Рейтинг көрсеткіштері	DB-2016*	DB-2017	DB-2018	DB-2019	DB-2020	DB-2016-мен салыстырғандағы өзгеріс (+,-)
Жалпы рейтинг	51 (41)	35	36	28	25	+26
Кәсіпорындарды ашу	54 (21)	45	41	36	22	+32
Құрылыс салуға рұқсат алу	78 (92)	22	52	35	37	+41
Меншікті тіркеу	18 (19)	18	17	18	24	-6
Несие алу	70 (70)	75	77	60	25	+45
Миноритарлық инвесторларды қорғау	25 (25)	3	1	1	7	+18
Салық салу	57 (18)	60	50	56	64	-7
Халықаралық сауда	128(122)	119	123	102	105	+23
Келісімшарттарды орындау	9 (9)	9	6	4	4	+5
Төлем қабілетсіздігін шешу	46 (47)	37	39	37	42	+4
Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу	102 (71)	75	70	76	67	+35

\* Жақша ішінде бағалау әдістемесінің өзгерістері бойынша қайта қаралған деректер көрсетілген. 2020 жылы Doing Business жыл сайынғы рейтингінің жариялануы оны жасау кезінде жол берілген бұзушылықтарды бағалау жүргізу үшін уақытша тоқтатылады. Атап айтқанда, 2017 және 2019 жылғы қазанда жарияланған Doing Business-2018 және Doing Business-2020 есептеріндегі деректердің өзгеруіне қатысты бірқатар бұзушылықтар атап өтілді. Бұл деректердегі өзгерістер Doing Business әдіснамасына сәйкес келмейді.



<sup>1</sup> Doing business  
russian.doingbusiness.org/rudoingbusiness

10 базалық көрсеткіштен Қазақстан 3 көрсеткіш бойынша өз позициясын жақсартты («Кәсіпорындарды ашу «(+14),» Электрмен жабдықтау жүйесіне қосылу» (+9) және «Несие алу « (+35)). 2016 жылғы рейтингпен салыстырғанда 10 индикатордың 8-і бойынша оң динамика байқалады.

Қазақстанның көрсеткішін арттыру кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау жөнінде жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыстың арқасында мүмкін болды. ҚР Үкіметі мен бизнес-қоғамдастықтың бірлескен күш-жігерімен бизнес-ахуалды жақсарту бойынша заңнамаға түзетулердің 8 топтамасы қабылданды.

Бизнес-омбудсмен кеңсесі, «Атамекен» ҰКП, ҰЭМ және басқа да салалық мемлекеттік органдармен бірлесіп жүргізіліп жатқан реформаларды түсіндіру үшін мерзімді түрде таныстырылымдар, кездесулер мен талқылаулар, соның ішінде Дүниежүзілік банк сарапшыларымен кездесулер ұйымдастырып тұрады. Бизнес-қоғамдастықтан келіп түсетін өтініштердің негізінде реформалардың нақты іске асырылуына мониторинг үнемі жүргізіледі.

Қазіргі уақытта рәсімдер санын қысқартуға, әкімшілік кедергілерді, сондай-ақ бизнестің уақытша және қаржылық шығындарын төмендетуге бағытталған түзетулердің тоғызыншы пакетін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізілуде.

#### DOING BUSINESS аясында бизнесті жүргізу жағдайларын жақсарту



ҰКП-ның қолдау тапқан ұсыныстары:

#### Бәсекелес ортаны дамыту

- мемлекет қатысатын ұйымдарды құру үшін негіздемелер тізбесін қысқарту;
- мемлекеттік кәсіпорындар үшін рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесін бекіту бойынша Үкіметтің құзыретін белгілеу;
- монополияға қарсы орган шығаратын монополияға қарсы заңнаманы бұзушылық белгілерінің болуы туралы хабарламалардың орындалу мерзімін кәсіпорынның өтініші бойынша ұзарту мүмкіндігімен 10 күннен 30 күнге дейін ұлғайту;
- нарық субъектілері экономикалық шоғырлануға өтініш берген кезде әкімшілік кедергілерді азайту

#### Жер қатынастарын реттеу

- құрылыс үшін жер учаскесін жалға алу мерзімдерін ұлғайту;
- жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту кезінде кадастрлық құнды бөліп төлеу;
- тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы заңнамаға сәйкес құрылыс салушының құқығын уәкілетті компанияға беру кезінде жалдау құқығын міндетті сатып алу жөніндегі талапты алып тастау;
- құрылыс мақсаттары үшін жер учаскесін беру кезінде ең төменгі жалдау мерзімін 3 жылға белгілеу;
- сауда-саттық, аукциондар, конкурстар арқылы берілетін жер учаскесін беру процесінен әкімдіктің шешімін дайындау және қабылдау қажеттілігін жою;
- шаралар қабылдау қажеттігі туралы нұсқама болған кезде жер учаскесін сатуға ауыртпалықты алып тастау

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бизнес-ахуалды жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 29 маусымдағы № 352-VI Қазақстан Республикасының Заңы

## ДЭФ ЖБИ

2019 жылы Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексіне<sup>1</sup> (ДЭФ ЖБИ) Қазақстан өткен рейтингпен салыстырғанда өз позициясын 4 позицияға жақсартып, 55-орынға ие болды. Қазақстан Ресей Федерациясынан басқа ТМД елдерінен озды.

Зерттеу Сингапур, АҚШ, Гонконг, Нидерланды, Швеция, Жапония, Германия, Швейцария, Ұлыбритания, Дания сияқты елдердің тұрақты көшбасшы екенін көрсетеді.

№	Фактордың атауы	Орын 2018	Орын 2019	Серпін
	Жалпы рейтинг	59	55	+4
1.	Институттар	61	64	-3
2.	Инфрақұрылым	69	67	+2
3.	АКТ енгізу	44	44	-
4.	Макроэкономикалық тұрақтылық	62	60	+2
5.	Денсаулық	97	95	+2
6.	Дағды	57	57	-
7.	Тауарлар нарығы	57	62	-5
8.	Еңбек нарығы	30	25	+5
9.	Қаржылық жүйе	100	104	-4
10.	Нарық көлемі	45	45	-
11.	Бизнестің серпінділігі	37	35	+2
12.	Инновациялық әлеуеттілік	87	95	-8

Бәсекеге қабілеттіліктің 12 факторының 5 факторы бойынша ілгерілеушілік орын алды. «Еңбек нарығы» факторлары бойынша да оң көрсеткішке қол жеткіздік – 25 орын (5 позицияға жақсару) және «Бизнестің серпінділігі» – 35 орын (2 позицияға жақсару).

Бұл орайда бизнес-омбудсмен кеңсесі мен «Атамекен» ҰКП-ның еңбегі зор. Заңнамалық деңгейде кедергілерді жою, монополиялық жағдайдан өту, бизнесті қолдаудың жаңа нысандарын енгізу бойынша жұмыстар жүйелі негізде жүргізілуде. Іске асырылып жатқан шаралар кәсіпкерлік бастамаға жағымды әсер етеді, оны ДЭФ сарапшылары оң бағалайды.

2020 жылы ДЭФ ЖБИ зерттеуі жүргізілген жоқ. 2020 жылдың 16 желтоқсанында «Жаһандық бәсекеге қабілеттілік туралы баяндама,

2020 арнайы шығарылымы: елдер қалпына келу жолында қалай алға жылжуда» жарияланды. Бұл басылым қалпына келтіру және қайта өрлеу басымдықтарын әзірлеуге, сондай-ақ «өнімділік», «адамдар» және «планеталар» мақсатын біріктіретін жаңа экономикалық жүйелерге көшудің құрылыс блоктарын қарастыруға арналған.



<sup>1</sup> Жаһандық индекс World Economic Forum [weforum.org/reports](http://weforum.org/reports)

## TRANSPARENCY INTERNATIONAL СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ҚАБЫЛДАУ ИНДЕКСІ (CPI)

Сыбайлас жемқорлықты қабылдау индекcінде<sup>1</sup> 2020 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан 38 балл жинап, 94-орынды иеленді (+19), Бразилия, Эфиопия, Перу, Сербия, Шри-Ланка, Суринам және Танзаниямен бөлісті. Сонымен қатар, ел сыбайлас жемқорлыққа барынша бейім елдер қатарында қалып отыр.

Қазақстан бұрынғыдай 9 дерек негізінде бағаланды. Төрт рейтингтік агенттіктің сарапшылары қабылданып жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың бағасын көтерді, қалған бесеуі – бағаларды өткен жылғы деңгейде сақтап қалды.

№	Зерттеу	Рейтинг 2017 (балл)	Рейтинг 2018 (балл)	Рейтинг 2019 (балл)	Рейтинг 2020 (балл)
1.	Саяси тәуекелдерді бағалау, АҚШ (Political risk Services International Country Risk)	24	27	43	58
2.	Дүниежүзілік экономикалық форумның Жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі, Швейцария (World Economic Forum Executive Opinion Survey)	36	46	47	47
3.	Бертельсман қорының трансформация индексі, Германия (Bertelsman Foundation Transformation Index)	25	25	33	33
4.	Елдік тәуекелді бағалау, Ұлыбритания (Economist Intelligence Unit)	20	20	20	20
5.	Өтпелі кезең елдерінің рейтингі, АҚШ (Freedom House Nations in Transit)	24	24	24	24
6.	Елдік тәуекелді түсінудің жаһандық рейтингі, АҚШ (IHS Global Insight Country Risk Ratings)	35	35	35	47
7.	Заң үстемдігі индексі, АҚШ (Дүниежүзілік сот төрелігі жобасының құқық үстемдігі индексі)	34	34	36	38
8.	Жаһандық бәсекеге қабілеттілік рейтингі, Швейцария (IMD World competitiveness Yearbook)	55	48	55	61
9.	Демократияның алуан түрлілігі, АҚШ (Демократиялық жобаның нұсқалары)	24	17	17	17
<b>ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ ЖАҒДАЙЫ</b>		<b>31</b>	<b>31</b>	<b>34</b>	<b>38</b>



<sup>1</sup> Жаһандық индекс World Economic Forum [weforum.org/reports](http://weforum.org/reports)

Анықтама үшін:

Посткеңестік мемлекеттердің сыбайлас жемқорлықты қабылдау индексі:

Эстония	17 орын	75 балл
Литва	35 орын	60 балл
Латвия	42 орын	57 балл
Грузия	45 орын	56 балл
Беларусь	63 орын	47 балл
Армения	60 орын	49 балл
<b>Қазақстан</b>	<b>94 орын</b>	<b>38 балл</b>
Украина	117 орын	33 балл
Кыргызстан	124 орын	31 балл
Россия	129 орын	30 балл
Азербайджан	129 орын	30 балл
Таджикистан	149 орын	25 балл
Узбекистан	146 орын	25 балл
Туркменистан	165 орын	19 балл

2020 жылы жаһандық зерттеудің негізгі тақырыбы Сыбайлас жемқорлықтың Денсаулық сақтау жүйесіне нұқсан келтіретін әсері және COVID-19 пандемиясы аясында елдердің демократиялық қағидаларын бұзуының күшеюі болды.

Барлық елдердің үштен екісінен астамы 50-ден төмен рейтинг алды, ал орташа балл 43 болды. Рейтингті Дания мен Жаңа Зеландия 88 ұпаймен, Оңтүстік Судан мен Сомали елдері 12 ұпаймен аяқтады. Ең жоғары рейтингке ие аймақ – Батыс Еуропа және Еуропалық Одақ, орташа балл 66, ал ең төмен рейтингке ие аймақтар-Африка (орташа балл 32), Шығыс Еуропа және Орталық Азия (орташа балл 36).

Денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдай және демократиялық институттардың орнықтылығына төнген қатер аясында Қазақстанның СҚЖ рейтингіндегі позициясының өсуі елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы үдемелі жұмысының нәтижесі.

Әлемдік қоғамдастық пандемия кезеңінде халық пен бизнесті қолдау жөніндегі шаралар пакетін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін жауапкершілікті күшейту және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласын цифрландыру бойынша түзетулер қабылдаған Қазақстан басшылығының қызметін оң бағалайды.

Халықаралық сарапшылар COVID-19 Денсаулық сақтау және экономика саласындағы дағдарысты ғана емес, сонымен бірге сыбайлас жемқорлықтың толқынын тудырды, оның зиянды салдары жаһандық көмектің әділ және тең берілуіне кедергі келтіріп, көптеген адамдардың өліміне әкелді деген қорытындыға келді.

COVID-19 пандемиясына деген көзқарас демократиялық институттардағы үлкен кемшіліктерді анықтады, бұл қаржылық саясатты басқаратын билік немесе субъектілер көбінесе осал топтардың қажеттіліктерін ескерместен өз мүдделерін қорғайтындығын айқын көрсетті.

Жекелеген лауазымды адамдар карантинді желеу етіп заңдарда көзделмеген шектеулерді енгізу арқылы кәсіпкерліктің дамуына кедергі жасайды.

Мысалы, Қызылорда облысы Жалағаш ауданындағы ауылдық округ әкімі 2020 жылдың маусым айында азық-түлік дүкендері бар кәсіпкерлерді жұмыс уақытын сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін шектеу туралы жазбаша хабардар етті.

Сонымен қатар, Қызылорда облысының бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 2020 жылғы 16 маусымдағы № 15 қаулысына сәйкес азық-түлік гипермаркеттерінің, көтерме сауда маркеттерінің, супермаркеттердің, шағын маркеттердің, бірінші кезекте қажетті тауарлар саудасын (шаруашылық және гигиеналық тауарлар) жүзеге асыратын дүкендердің жұмысы бетперде режимін, кезекте әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып және дезинфекциялау іс-шараларын жүргізе отырып, сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін белгіленген.

Қызылорда облысы Кәсіпкерлер құқығын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестің отырысында проблемалық мәселе қаралғаннан кейін Жалағаш ауданының прокуратурасы ауыл округінің әкіміне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы ӘҚБтК-нің 173-бабы бойынша кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласқаны үшін іс қозғады.

Шымкент қаласында Бас мемлекеттік санитарлық дәрігер екі заңсыз шешім шығарды, олар 12,5 мыңға жуық кәсіпкердің, оның ішінде автокөлік құралдарына қызмет көрсету саласындағы 243 кәсіпкердің қызметін шектеді.

Прокуратура органдары барлығы 13 мыңға жуық кәсіпкердің құқығы бұзылған деп таныды.

## КАРАНТИНДІК ШАРАЛАРДЫ БҰЗҒАНЫ ҮШІН САЛЫНАТЫН АЙЫППҰЛ МӨЛШЕРІН ТӨМЕНДЕТУ БОЙЫНША ЖҰМЫС

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы талаптарды, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді, техникалық регламенттерді бұзғаны үшін салынатын айыппұл мөлшері «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өлшем бірлігін қамтамасыз ету және стандарттау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 5 қазандағы заңда 8-13 есеге дейін ұлғайтылып, 2019 жылғы 11 сәуірде қолданысқа енгізілді.

Қоғамдық қауіптілік дәрежесіне қарамастан, заң талаптарын кез келген бұзғаны үшін ендіріп алуды қолдану көзделгенін ескере отырып, мұндай жоғары айыппұлдар әкімшілік жауаптылықтың құқық бұзушылық сипатына сәйкестік қағидатына сәйкес келмейді.

Жоғарыда көрсетілген бап бойынша айыппұл мөлшерін төмендету мәселесі жүйелі проблемалар тізіліміне енгізілген және әртүрлі алаңдарда бірнеше рет талқыланған.

2020 жылғы маусымда айыппұл мөлшерін төмендету жөніндегі ұсыныстар, сондай-ақ әкімшілік заңнаманы жетілдіру жөніндегі өзге де ұсыныстар Әділет министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен одан әрі талқылау және әзірленіп жатқан «ӘҚБтК-ге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы шеңберінде олар бойынша шаралар қабылдау үшін жіберілді.

Бұл ретте, құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілік дәрежесіне байланысты осындай баптарға жауапкершілік мөлшеріне сараланған тәсілді көздеу ұсынылды.

2021 жылғы 22 қаңтарда кәсіпкерлік субъектілерінің проблемалық мәселелерін орындау бойынша өткізілген кеңесте Премьер-Министрдің бірінші орынбасары А.Ә. Смайылов Денсаулық сақтау министрлігіне ағымдағы жылғы 5 ақпанға дейін Әділет министрлігімен және Ұлттық палатамен бір-

лесіп, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарын және гигиеналық нормативтерді бұзғаны үшін әкімшілік санкцияларды сараланған қолдану бойынша әзірленген тәсілдерді заңнамалық бекіту мәселелерін пысықтауды тапсырды.

2021 жылғы 1 ақпанда бизнес-омбудсмен кеңсесі ӘҚБтК-нің 425-бабында көрсетілген айыппұл мөлшерін төмендету жөніндегі тиісті ұсыныстарды одан әрі талқылау және олар бойынша шаралар қабылдау үшін денсаулық сақтау министрлігіне жолдады.

Талқылау қорытындысы бойынша, денсаулық сақтау министрлігі айыппұл мөлшерін төмендету бойынша ұсыныстарды қолдады, сондай-ақ олар Әділет министрлігімен келісілді.

ӘҚБтК-нің 425-бабы бойынша айыппұл мөлшерін төмендету бойынша жұмысты 2021 жылдың ішінде аяқтау жоспарланып отыр.

# ҚАЗАҚСТАН КӘСІПКЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ ҰСЫНҒАН ҚОЛДАУ ШАРАЛАРЫ

Бизнес-омбудсмен ТЖ кезеңінде кәсіпкерлерді қолдауға қатысты ұсыныстарымен мемлекеттік органдарға хат жолдады:

## 1. Кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты карантин талаптарының орындалуын бақылауға байланысты емес бақылаушы органдардың жоспарланған тексерулерін жүргізу:

- Бас прокурор Ф. Д. Нұрдәулетовке 20. 03. 2020 ж. № 3371/18 коронавирустың таралуын болдырмау мақсатында жоспарланған тексерулерді тоқтата тұру және кейінге қалдыру бойынша шұғыл шаралар қабылдау қажеттілігі туралы хат;
- Премьер-Министр А.Ұ. Маминге 20. 03. 2020 ж. № 3372/18 коронавирустың таралуын болдырмау мақсатында жоспарланған тексерулерді тоқтата тұру және кейінге қалдыру бойынша шұғыл шаралар қабылдау қажеттілігі туралы хат.

## 2. Жекелеген аумақтық мемлекеттік кірістер органдарының шектеу сипатындағы салықтық әкімшілендірудің қатаң шараларын қабылдауы.

Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы М.Е. Сұлтанғадиевке 27. 03. 2020 ж. № 3609/19 кәсіпкерлерге қатысты қатаң шараларды қолдануға жол бермеу жөнінде және жекелеген белгіленген фактілер бойынша қызметтік тергеу жүргізу туралы көмек көрсету өтінішімен хат.

## 3. Халықтың, шағын және орта бизнестің қарыздары бойынша негізгі борыш пен сыйақы сомаларын төлеуді тоқтата тұрудың бекітілген тәртібінің тәуекелдері мен олқылықтары.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасы М.Е. Әбілқасымоваға ЭҚЖЖ нақты кодтарын көрсете отырып, салалар

тізбесін кеңейтуге және қарызды өтеу, мерзімін ұзарту мерзімінің соңына кейінге қалдырылған төлемдер бойынша төлемдерді автоматты түрде кейінге қалдыру мерзіміне көшіруге жәрдем көрсету туралы өтінішпен хат жолданды, 01. 04. 2020 ж. № 3804/18.

## 4. Онлайн-режимге сауданы қайта форматтаған бизнестің әкімшілік кедергілері:

- Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А.С. Көлгіновке 02.04.2020 ж. № 4026/18 хатымен қала аумағында курьерлік жеткізуді жүзеге асыратын қызметкерлерге тауарларды өткізуге рұқсат беру мүмкіндігін қарастыруды сұрап өтініш білдірді. Сондай-ақ QR-кодтарды қолдану арқылы курьерлердің барлық тиісті құжаттарын тексеруді қамтамасыз ету ұсынылды;
- Шымкент қаласының әкімі М.Д. Айтеновке қала аумағында тауарларды курьерлік жеткізуді жүзеге асыратын қызметкерлердің жүріп-тұруына рұқсат беру мүмкіндігін қарастыру өтінішімен хат жолданды, 04. 04. 2020 ж. № 4138/18. Сондай-ақ, QR-кодтарды қолдану арқылы курьерлердің барлық тиісті құжаттарын тексеруді қамтамасыз ету ұсынылды.

## 5. ТЖ режимімен байланысты бұзушылықтар үшін санкция ретінде қолданылатын қамауға алу жазасы (ТП. 6) ЭҚБтК-нің 476-бабы):

- Жоғарғы Сот Төрағасы Ж. Қ. Асановқа санитариялық-эпидемиологиялық нормалардың талаптарын бұзған кәсіпкерлерге қамауға алу түріндегі жазаны барынша аз қолдануға бағытталған ТЖ және карантин кезеңіне сот практикасын енгізу мүмкіндігін

қарау туралы өтінішпен хат жолданды, 02. 04. 2020 ж. № 4060/17;

- Ішкі істер министрі Е.З. Тұрғымбаевқа өңірлердің полиция органдарының жеке құрамын бірінші кезекте ескерту және айыппұл түрінде әкімшілік жазалардың санитариялық – эпидемиологиялық нормаларының талаптарын бұзған кәсіпкерлерге қолдану мақсатында профилактикалық және түсіндіру іс-шараларын жүргізуге және ерекше жағдайларда ғана қамауға алуға бағыттау өтінішімен хат жолданды, 02. 04. 2020 ж. № 4061/17.

**6. Бидай тиелген вагондарды жөнелту үшін теміржол станциялары қызметкерлерінің құжаттарды қабылдаудан бас тартуы; Ауыл шаруашылығы министрлігінің 22. 03. 2020 ж. № 103 бұйрығын нақтылау қажеттілігі; мемлекеттік шекарадағы жағдай.**

Премьер-Министрдің орынбасары Р. В. Склярға өтінішпен хат жолданды, 03. 04. 2020 ж. № 4133/08:

- уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (ИИДМ, АШМ, ИСМ және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-на) мәселелерді шешу бойынша шұғыл түрде көмек көрсету және шаралар қабылдауды тапсыру туралы;
- кодты нақтылау арқылы тазартылмаған май шикізатының экспортына тыйым салуды алып тастау мәселесін қарау туралы;
- уәкілетті мемлекеттік органдарға (СІМ, ҰҚК, МКК, ИИДМ) қазақстандық көлік құралдары мен тауарларды өткізу бойынша жәрдемдесуді жедел түрде қамтамасыз етуді тапсыру туралы.

**7. Қазақстан халқын дәрілік заттармен және медициналық бұйымдармен қамтамасыз ету кезінде отандық фармацевтикалық компаниялардың мүдделерін қорғау.**

Денсаулық сақтау министрі Е.А. Біртановқа отандық компаниялардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тетікті көздеу қажеттігі және уәкілетті органдар мен ұйымдарға медициналық бұйымдар мен дәрілік заттарды сатып алу шеңберінде шарттық міндеттемелерді мүлтіксіз сақтау тапсырмасы туралы хат, 03. 04. 2020 ж. № 4132/17.

**8. Қатаң карантиндік шаралар қолданылатын кезеңде коммуналдық төлем мөлшерін төмендету және кейінге қалдыру.**

Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің төрағасы А.К. Дарбаевқа табиғи монополиялар субъектілері ұсынатын коммуналдық қызметтерді төлеушілер үшін босаңсу тетігін әзірлеу мүмкіндігін қарастыру өтінішімен хат жолданды 06. 04. 2020 ж. № 4172/17.

**9. Сауданы онлайн-режимге қайта форматтау, карантиндік аймақтар арқылы көктемгі егіс жұмыстарына дайындық.**

Премьер-Министр А. Ұ. Маминге өтінішпен хат, 06. 04. 2020 ж. № 4183/18:

- қала аумағында тауарларды курьерлік жеткізуді жүзеге асыратын қызметкерлердің жүріп-тұруына рұқсат беру мүмкіндігін қарастыру. Сондай-ақ QR-кодтарды қолдану арқылы курьерлердің барлық тиісті құжаттарын тексеруді қамтамасыз ету ұсынылды;
- көктемгі дала жұмыстары кестесінің бұзылуына жол бермеу және күзге қарай азық-түлік тапшылығының алдын алу, коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау жөніндегі өңірлік жедел штабтарға қызметін жүзеге асыру мақсатында фермерлер мен олардың қызметкерлерінің карантиндік аймақтар арқылы кедергісіз өту мүмкіндігін пысықтау тапсырылсын.

**10. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары (ӘМАТ) бағасының шекті бағадан асып кетуі.**

Сауда және интеграция министрі Б.Т. Сұлтановқа қалалар мен аудандардың кәсіпкерлік бөлімдерінің, сондай-ақ өңірлік кәсіпкерлер палаталары өкілдерінің қатысуымен кәсіпкерлік субъектілері үшін ӘМАТ-ға шекті бағаның артуын алғаш рет белгілеу кезінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасамай-ақ түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру ұсынысымен хат жолданды, 14.04.2020 ж. № 4539/17.

**11. Қатаң карантиндік шаралар қолданылатын кезеңде құрылыс және фармацевтика саласындағы кәсіпкерлік қоғамдастықтың жаппай проблемалары.**

Премьер-Министр А. Ұ. Маминге 20.04.2020 ж. № 4832/18 өтінішімен хат:

- мемлекеттік комиссияның кезекті отырысында мемлекеттік тапсырыс және квазимемлекеттік сектор тапсырысы шеңберінде барлық шарттар бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын орындау мерзімдерін 4 айға автоматты түрде ұзарту туралы мәселені қарау туралы;
- алғаш рет әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына шекті бағадан асып кету фактілері анықталған кезде кәсіпкерлер арасында алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстарын күшейту туралы;
- егер енгізілген шектеулерге байланысты бұзушылықтарға жол берілсе, қаржы және денсаулық сақтау министрліктеріне жеткізушілерді реттелетін сатып алу шеңберінде айыппұл санкцияларынан босатуды тапсыру туралы.

**12. Ірі кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қолдау көрсету қажеттілігі туралы.**

Премьер-Министр А.Ұ. Маминге қосылған құн салығының шегін қайта қарау бойынша, аванстық төлемдер бойынша, тексерулер жүргізуді тоқтата тұру бойынша, кіріс мөлшерінің төмендеуіне және басқа да қолдау шараларына байланысты еңбекақы төлеу қорына түсетін жүктемені төмендету бойынша шаралар қабылдау қажеттігі туралы хат жолданды, 20.04.2020 ж. № 4847/19.

**13. Салық саясаты бөлігінде Үкіметтің 27.03.2020 ж. қаулысын іске асыру**

Мемлекеттік кірістер комитетінің төрағасы М.Е. Сұлтанғазиевке кәсіпкерлердің тауарларды кедендік декларациялау кезінде импортқа қосылған құн салығын төлеу бойынша кейінге қалдыруды алуы бойынша жедел шаралар қабылдау туралы өтінішпен хат жолданды, 24.04.2020 ж. № 4903/06.

**14. Көктемгі егіс жұмыстары мен ауыл шаруашылығы іс-шараларын жүргізуге тартылған көлік құралдарының жүріп-тұру мүмкіндігінің болмауы.**

Алматы қаласының әкімі Б. Ә. Сағынтаевқа Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің 17.04.2020 ж. № 34-ПГВр қаулысына сәйкес Алматы қаласы жедел штабының хаттамасына көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге тартылған адамдардың өткізу пункттері арқылы кедергісіз жүріп-тұруы жөніндегі норманы енгізу қажеттігі туралы хат жолданды, 22.04.2020 ж. № 4933/17.

**15. «Нұрлы жол» өткізу пунктінде көлік құралдарының жиналуы, «Майқапшағай» және «Бақты» өткізу пунктерінің жұмысын қалпына келтіру.**

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – Қаржы министрі А.Ә. Смайыловқа Қытай Халық Республикасының уәкілетті органдарымен қауіпті жүктерді тасымалдау туралы мәселені реттеу жөнінде шаралар қабылдау туралы, сондай-ақ «Майқапшағай» және «Бақты» өткізу пунктерінің жұмысын қайта бастау мүмкіндігі туралы мәселені қарау туралы өтінішпен хат жолданды, 22. 04. 2020 ж. № 4942/17.

**16. Банкроттық өндірістерінің санын ұлғайту.**

Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – Қаржы министрі А.Ә. Смайыловқа, Қазақстанда банкроттық туралы істерді қозғауға мораторий енгізу және ұқсас шаралар қабылдау жөніндегі Ресей Федерациясының тәжірибесін қарау және қабылдау өтінішімен хат жолданды, 22. 04. 2020 ж. № 6582/16.

**17. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден босатылған қызмет түрлерінің тізбесін кеңейту.**

Ұлттық экономика министрі Р. Е. Даленовке Үкіметтің 20. 04. 2020 ж. қаулысымен бекітілген кәсіпкерлік субъектілері салық және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеуден босатылған қызмет түрлерінің тізбесіне экономикалық қызметтің қосымша түрлерін енгізу мүмкіндігін қарау туралы өтінішпен хат жолданды, 25. 04. 2020 ж. № 5071/19.

**18. Төтенше жағдай түріндегі еңсерілмейтін күш мән-жайларының орын алуына байланысты шарттық міндеттемелердің жаппай бұзылуы және даулардың туындауына жол бермеу.**

Жоғарғы Сот Төрағасы Ж.Қ. Асановқа төтенше жағдай түрінде еңсерілмейтін күштің орын алуына байланысты шарттық міндеттемелердің орындалмау себебі бойынша туындаған дауларды шешу бойынша шаралар мен жолдарды әзірлеу мақсатында мемлекеттік органдардың, Ұлттық палатаның және бизнес-омбудсмен кеңсесінің қатысуымен Жоғарғы Сот аясында онлайн-форматта сараптама-лық кеңес өткізу мүмкіндігін қарау туралы өтінішімен хат жолданды, 28. 04. 2020 ж. № 5147/17.

**19. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізу.**

Қаржы министрлігіне енгізілген шектеулерге байланысты шарттық міндеттемелерін бұзуға мәжбүр болған өнім берушілерді Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімінен алып тастауға бағытталған шаралар қабылдауды сұрап хат жолданды, 24. 04. 2020 ж. № 5050/17.

Бизнес-омбудсмен ТЖ режимі тоқтатылғаннан кейін кәсіпкерлерді қолдау ұсыныстарымен мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға хаттар жолдады:

**1. «Самұрық-Қазына «ҰӘҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары А. Х. Пірметовке 12. 05. 2020 ж.**

№ 5638/17 хат Премьер-Министрдің бірінші орынбасары – Қаржы министрі А. Ә. Смайыловқа 12. 05. 2020 ж. № 5639/17 хат

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Б. Б. Атамқұловқа 12. 05. 2020 ж. № 5640/17 хат

Жеткізушілерге, егер олар ТЖ режимі не карантин шеңберінде қызметті жүзеге асыруға тікелей тыйым салу не елеулі шектеулер салдарынан міндеттемелерді бұзған жағдайда, айыппұл санкцияларын қолданбауға қатысты.

2. Президент Әкімшілігінің басшысы Е. Ж. Қошановқа 04. 05. 2020 ж. № 5323/17 хат.

Төтенше жағдай режимі кезеңінде азаматтық-құқықтық шарттардың мерзімін ұзартуға қатысты.

3. Жоғарғы Сот Төрағасы Ж. Қ. Асановқа 09. 05. 2020 ж. № 5561/17 хат.

ТЖ режимі мен карантин кезеңінде кәсіпкерлер арасындағы дауларды сотқа дейін реттеу бойынша бірлескен жұмысқа қатысты.

4. Нұр-Сұлтан қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Ж. Қ. Пірәлиеваға 21. 05. 2020 ж. № 6121/17 хат.

Сауда-ойын-сауық орталықтарындағы объектілерге ұқсас ауданы 2 мың шаршы метрге дейінгі азық-түлік емес дүкендердің жұмыс режиміне қатысты (22:00-ге дейін).

5. Ішкі істер министрі Е. З. Тұрғымбаевқа 17. 08. 2020 ж. № 10138/17 хат

Кәсіпкерлік кодекспен және Алгоритммен (мониторингтік топтардың құрамында) көзделген рәсімдер шеңберінде ғана бизнес объектілерінде тексеруді жүзеге асыруға қатысты.

6. Премьер-Министрдің орынбасары Р. В. Склярға 04. 09. 2020 ж. № 10919/08 хат

Автобус жолаушылар тасымалдаушыларының ауыр жағдайға тап болуына және жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын бизнес субъектілерін сақтау және қолдау бойынша бірінші кезектегі шараларды қабылдауға қатысты.

7. Денсаулық сақтау министрі Е. А. Біртановқа 13. 05. 2020 ж. № 5750/17 хат

Кәсіпкерлік субъектілері үшін температураны жылу түсіргіштерді пайдалана отырып өлшеу туралы талапты, сондай-ақ COVID-19-ға теріс нәтижесі бар ПТР-тесттен өткені туралы анықтаманың міндетті болуы және ҚР Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 10. 05. 2020 ж. № 36 Қаулысымен белгіленген талаптарды бұзғаны үшін санкцияларды қолдану тәртібін түсіндіру туралы талапты алып тастау туралы.

8. Премьер-Министрдің орынбасары Р. В. Склярға 13. 05. 2020 ж. № 5744/08 хат

Ел экономикасы үшін қиын уақытта тасымалдаудың қажетті көлемін қамтамасыз ететін сыртқы экономикалық қызметке қатысушыларды қолдауға қатысты.

9. Қаржы министрлігіне 14. 05. 2020 ж. № 5800/17 хат

Жеткізушілерге, егер олар ТЖ режимі не карантин шеңберінде қызметті жүзеге асыруға тікелей тыйым салу немесе елеулі шектеулер салдарынан міндеттемелерді бұзған жағдайда, айыппұл санкцияларын қолданбауға қатысты.

10. Ішкі істер министрлігі мен Денсаулық сақтау министрлігіне 22. 05. 2020 ж. № 6203/17 хат

Бас прокуратураға 22. 05. 2020 ж. № 6237/17 хат

Кәсіпкерге санкциялар қолданылғанға дейін бар шектеулер мен оларды орындамағаны үшін жауапкершілік туралы алдын ала профилактикалық және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу туралы ұсыныс жіберілді.

11. Жоғарғы Сотқа 22. 05. 2020 ж. № 6202/17 хат



Кәсіпкерлерге санкцияларды барынша аз қолдануға бағдарланған сот практикасын енгізуге қатысты (ӘҚБтК-нің 425, 462-баптары бойынша және т.б.).

**12. Алматы қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері Ж. М. Бекшинге 25. 05. 2020 ж. № 6309/17 хат**

Кәсіпкерге санкциялар қолданылғанға дейін онымен алдын-ала алдын-алу және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу мүмкіндігін қарастыруға қатысты, шектеулер мен оларды орындамағаны үшін жауапкершілік туралы.

**13. Премьер-Министрдің бірінші орынбасары А. Ә. Смайыловқа 20. 07. 2020 ж. № 8861/19 хат**

Карантин кезеңінде қабылданған шектеулерден кейін бизнесті қолдау шаралары бойынша ұсыныстар жіберілді.

**14. Нұр-Сұлтан қаласының әкімі А. С. Көлгіновке 23. 07. 2020 ж. № 9070/17 хат**

Нұр-Сұлтан қаласының қоғамдық тамақтану объектілерінің меншік иелеріне ашық ауада қызметті жүзеге асыру үшін ортақ пайдаланудағы жерлерді беру мүмкіндігін қарастыру туралы ұсыныс жолданды.

**15. Бас мемлекеттік санитарлық дәрігер А. С. Есмағамбетоваға 27. 07. 2020 ж. № 9161/17 хат**

Бизнес-қоғамдастықтан осы жобаларға ұсыныстар беру үшін өңірлердің бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қаулыларының жобаларын Өңірлік кәсіпкерлер палаталарына, ал Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері қаулыларының жобаларын Ұлттық кәсіпкерлер палатасының атына алдын ала жіберу туралы ұсыныс жолданды.

**16. Қаржы вице-министрі Р. Б. Бекетаевқа 21. 01. 2021 ж. № 626/17 хат**

ТЖ және карантин енгізілуіне, сондай-ақ ТЖ мен карантинге байланысты шектеу шаралары енгізілуіне байланысты шарттық міндеттемелерін тиісінше орындамаған жеткізушілерге шара қолданбауға қатысты («Мемлекеттік сатып алудың арнайы тәртібін айқындау туралы» Үкіметтің 20. 03. 2020 ж. № 127 қаулысының 10-тармағына түсініктеме беру).

**17. Білім және ғылым министрі А. Қ. Аймағамбетовке 09. 02. 2021 ж. № 1465/17 хат**

2020 жылы енгізілген ТЖ режимінің және одан кейінгі карантиндік шектеу шараларының салдарларына байланысты конкурс өткізбей орта білім беру мекемелерінде тамақтандыруды ұйымдастыруға байланысты жеткізушілермен бұрын жасалған шарттарды 2021 жылы ұзарту туралы ұсыныс жіберілді.

**18. «Самұрық-Қазына «ҰӘҚ» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары А. Х. Пірметовке 10. 02. 2021 ж. № 1495/17 хат**

COVID-19 пандемиясына байланысты елімізде енгізілген ТЖ режимі мен карантиннен кейін бизнестің іскерлік белсенділігіне әсер еткен отандық кәсіпкерлерді қолдау үшін ұсыныстар жолданды.

## КӘСІПКЕРЛЕР АРАСЫНДА САУАЛНАМА ЖҮРГІЗҮ

Пандемия жағдайында бизнестің хал-ахуалына мониторинг жүргізу және одан әрі жедел шаралар қабылдау мақсатында Ұлттық кәсіпкерлер палатасы 2020 жылғы наурыз-қыркүйек аралығында кәсіпкерлер арасында сауалнама жүргізді.

Респонденттердің жалпы саны 144 мыңды құрады, оның ішінде ТЖ кезеңінде 55,2 мың субъектіден (сұралғандардың жалпы санының 38%-ы) және төтенше жағдай аяқталғаннан кейін 89,6 мың субъектіден (сұралғандардың жалпы санының 62%-ы) жауап алынды.

Төтенше жағдай кезінде кәсіпкерлердің басым бөлігін салық жеңілдіктері, қаржылық қолдау шаралары, форс-мажор жағдайлары, жалдау ақысын кейінге қалдыру, карантин кезеңінде қозғалысты шектеу, өткізу және импортты жеткізу мәселелері алаңдатты.

Карантиндік шаралар кезеңінде кәсіпкерлердің өтініштерінің құрылымында қызметті қайта бастауға рұқсат беру, кредиттер мен салықтар бойынша кейінге қалдыруды алу, форс-мажор туралы куәлік алу, жалдау ақысын кейінге қалдыру, карантин кезеңінде қозғалысты шектеу, өткізу және кірістер, салық төлеуден босату мәселелері атап өтілді.

Төтенше жағдай аяқталғаннан кейін 2020 жылдың қыркүйегіне дейін сауалнама нәтижелері бойынша бизнестің негізгі проблемалары анықталды (89,6 мың субъект):

- 28% несиеге қызмет көрсете алмайды;
- 17% салық төлей алмайды;
- 23% мүлде табыс таппаған;
- 12% шектеу шараларын негізгі проблема деп санайды.

Сауалнамаға қатысқандардың 30%-дан астамы штатты қысқартуға немесе оңтайландыруға дайын екендіктерін мәлімдеді (16%-ы қысқартылды, 17%-ы ақысыз демалысқа жіберілді).


2020 жылдың желтоқсанында 42,3 мың кәсіпкер арасында сауалнама жүргізілді.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің 9,8%-ы жабылу алдында тұрғанын, 11,2%-ы өз штатын оңтайландыруды жоспарлап отырғанын көрсетті. Сонымен қатар, алдағы айларда 34%-ы мемлекеттік қолдау шараларына жүгінуді жоспарлап отыр, 32,4%-ы ішкі шығындарды қысқартуды, 10,4%-ы қашықтан жұмыс режиміне көшуді жоспарлап отыр және тек 24,3%-ы ғана бизнесін кеңейтуге ниетті.

Бизнесті қолдау шараларын әзірлеу үшін Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі Жобалық кеңсе (Ұлттық палата жанында кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша жедел және жүйелі шешімдер әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметімен бірлесіп құрылған алқалы орган) 2021 жылғы 27 қантар мен 4 ақпан аралығында кәсіпкерлерге жаңа ауқымды сауалнама жүргізді.

Сауалнамаға барлығы 50,4 мыңнан астам бизнес субъектісі қатысты.

Бизнес өлшемі бойынша респонденттердің құрылымы



---

Нәтижесінде респонденттердің 60%-ы мемлекеттік қолдау шараларын қолданғаны анықталды. Негізінен бұл салықтар мен еңбекақы төлеу қорынан төленетін төлемдерді төлеуден босату, өзге де салықтық жеңілдіктер (кейінге қалдыруды қоса алғанда), кредиттер бойынша төлемдерді кейінге қалдыру сияқты шаралар.

Сұралғандардың қалған 40%-ы кепілдің жоқтығынан немесе банктердің кепілдік мүлкіті төмен бағалауынан, бұзылған кредиттік тарихынан, зардап шеккен салаларды қамту шектеулі болғандықтан қолдау шараларын пайдалана алмады.

Респонденттердің жартысынан көбі (56%) пандемияға байланысты табыстың айтарлықтай төмендегенін атап өтті. Сұралған кәсіпорындардағы қысқартылған қызметкерлердің үлесі 11%-ды құрайды.

The background is a solid blue color with a complex geometric pattern of white lines. These lines form a series of overlapping, angular shapes that create a sense of depth and movement, resembling a stylized architectural facade or a modern graphic design. The lines are thin and sharp, contrasting against the deep blue background.

**ТАБЫС**  
ТАРИХЫ

# МАЗМҰНЫ

---

78	НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ
78	АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
79	ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ
79	АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
79	АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ
80	АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
80	АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
80	ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
81	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ
81	БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
82	ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ
82	ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ
82	ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
83	МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ
83	ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ
83	СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ
84	ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

## НҰР-СҰЛТАН ҚАЛАСЫ

---

- «BiolabPharm» ЖШС, «UveikQazaqstan» ЖШС, «Отбасылық дәрігерлер клиникасы» ЖШС-не, «Емдеу-7» ЖШС-не тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алу үшін халықты тіркеу бойынша көмек көрсетілді.
- «Астана АниЛ» ЖШС, ЖК «Заяц НС», ЖК «ТЕС», ЖК «Абилказиеваға», «Отандастар» ЖШС-не мектеп асханаларында тамақтануды ұйымдастыру шарттарын ұзарту бойынша көмек көрсетілді.
- Нұр-Сұлтан қаласының Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының 2020 жылғы 15 қыркүйектегі қаулысымен ҚР ӘҚБтК 425-бабы бойынша «Altynbass» ЖШС-не қатысты іс жүргізу халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнама талаптарын бұзғаны үшін кәсіпкер мен оның тұтынушысының жауапкершілігі дұрыс бөлінбеуіне байланысты (әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты) тоқтатылды.

## АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

---

- Медициналық жабдықтар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды жеткізуге жасалған шарттар бойынша Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық басқармасы «Арқау» ЖШС, «МИТЕК ALMATY» ЖШС, «Intermed Company» ЖШС, «Медико-информационные технологии» ЖШС, «B2U» ЖШС, «Самрук Элит» ЖШС, «Производственно-коммерческая фирма Торнадо-PLUS» ЖШС, «TND» ЖШС, «Glebus medical» ЖШС-не 9 921 325 000 теңге қарыз болатын, осы берешекті өтеуге жәрдем көрсетілді.
- Алматы қаласы Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 29 желтоқсандағы шешімімен Қызылорда облысының білім басқармасының «Фирма КазИнтерСервис» ЖШС-не қатысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 80 656 989 теңге мөлшерінде өсімпұл өндіріп алу туралы талап-арызын қанағаттандырудан толық көлемде бас тартылды.
- ТЖ және карантин кезеңінде енгізілген шектеу шаралары кезінде Алматы қаласындағы ірі сауда орталықтарының, сауда орталықтары мен басқа да коммерциялық нысандардың жалға берушілері мен жалға алушылары арасында жалдау ақысынан босату, төлемді кейінге қалдыра отырып, жеңілдіктер беру бойынша жұмыс жүргізілді, жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша 2 734 304 151 теңге сомасына 12 769 сауда объектілерін жалға алушының мүдделерін қорғауға қол жеткізілді.

## ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

---

- «Шымкентмай» АҚ-на бюджеттен 66 000 000 теңге мөлшерінде қосылған құн салығының сомасын қайтару бойынша және салықтық тексеруді жүргізу мерзімдерінің бұзылуына байланысты оны мерзімінен бұрын тоқтату бойынша жәрдем көрсетілді.
- Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінен түскен ұжымдық өтінішті қарау барысында «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ-ның маневрлік локомотивтің жақын станциядан тағайындалған станцияға дейінгі жүрісі үшін ақы алу туралы бұйрығының күші жойылды.
- «Альфа Плат» ЖШС-не Полиция департаменті, «Болашақ Инжиниринг» ЖШС-не Шымкент қаласының Білім басқармасы орындалған жұмыстар үшін ақы төлеуден бас тартқан, осы берешекті өтеуге көмек көрсетілді.
- Шымкент қаласының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігерінің қаулысындағы тұрақты қалалық жолаушылар тасымалына тартылған автобустардың жүргізушілері мен кондукторларының ПТР-тестілеуден кәсіпкердің есебінен өтуі жөніндегі міндеттеме алынып тасталды.

## АҚМОЛА ОБЛЫСЫ

---

- Ақмола облыстық сотының Азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 19 наурыздағы шешімімен ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «АК Биик» ЖШС-не орман ресурстарын беру бойынша келісімшартты біржақты тәртіппен бұзу және бұрын өткізілген тендерлерді жою туралы талап-арыздары бойынша бірінші сатыдағы соттың екі шешімі жойылды, қорғалған құқықтар сомасы – 1 960 000 000 теңге.
- Ақмола облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 04 тамыздағы шешімімен Бурабай ауданының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Kaztelematica» ЖШС-не қатысты қойған талаптарын қанағаттандырудан бас тартылды, қорғалған құқық сомасы – 655 771 349 теңге.

## АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

---

- 900 млн теңгеден астам сомаға 50 шаруа және фермер қожалықтарының құқықтары мен мүдделері қорғалды. Жергілікті атқарушы органдар жер учаскелерін жалдау шарттарын жарамсыз деп тану туралы сотқа талап арыздар жолдаған болатын.
- 18 млн теңгеден астам сомаға 116 шағын және микрокәсіпкерлік субъектілерінің бұзылған заңды құқықтары мен мүдделері қалпына келтірілді. Ақтөбе қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының лауазымды тұлғалары негізсіз әрекетке барған, яғни салық міндеттемелерін орындамау туралы хабарламаларды (алкоголь өнімдерін бөлшек саудада сатқаны үшін төлем) уақтылы ұсынбаған.

## АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

---

- «Когер ЛТД» ЖШС-не сотта құқықтық қолдау көрсетілді, сот шешімімен «Алматы облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ-нен 223 млн теңге көлемінде субсидия сомасы өндірілді.
- «Алға-С» ЖШС-не сотта құқықтық қолдау көрсетілді, сот кәсіпкерге қатысты талап арызды қараусыз қалдырды. Алматы облысының Полиция департаменті талап-арызбен сотқа жүгіну арқылы 1 320 000 теңге көлемінде келтірілген залал сомасын өндіріп алуға ниеттенген.

## АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

---

- «Каспийская Кадровая Ассоциация» ЖШС-не «Жылыой ауданының құрылыс бөлімі» ММ тарапынан орындалған жұмыстар үшін 799 000 000 теңге сомасында ақы төлеуді жүзеге асыруда көмек көрсетілді.
- «SERPIN-2030» ЖШС-не «9 балабақшаны салу және пайдалану» МЖӘ шарты бойынша мемлекеттік әріптесі - Атырау облысы әкімдігінен 1 504 784 159 теңге мөлшерінде бірлесіп қаржыландыру алуға жәрдем көрсетілді.

## ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

---

- ЖК «Е.Т. Ибраимовке» мемлекет мұқтажы үшін алынған жер учаскесі үшін төленуі тиіс 70 028 770 теңге сомасында өтемақы алуға жәрдем көрсетілді.
- «Восток-Котлы» ЖШС-не көмек көрсетілді, Ұлан ауданының ТКШ бөлімі орындалған жұмыстар үшін 155 162 681 теңге сомасында төлемді жүзеге асырды.
- «Евромед» ЖШС-не заңды сатып алынған мүліктен жалпы сомасы 232 000 000 теңгеге ауыртпалықтарды алып тастауға жәрдем көрсетілді, жылжымайтын мүлік объектісі ауыртпалықтарды алып тастағаннан кейін тіркелді.
- «Құрылыс» ЖШС-не мемлекеттік сатып алу бойынша конкурс қорытындыларын жоюға және «Құрылыс» ЖШС-мен 573 693 159 теңгеге жаңа мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуға көмек көрсетілді.
- ЖК «С.Ж. Қасеновқа» «Ертіс» ӘКК» АҚ кредиторы алдында 13 111 544 теңге сомасына ортақ жауапкершіліктен босату бөлігінде жәрдем көрсетілді.



## ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

---

- ЖК «Авахриваға» Шу қалалық аурухана-сының жеткізілген тауар үшін төлеуі тиіс 1 497 000 теңге мөлшеріндегі берешегін өтеуге көмек көрсетілді.
- Шу ауданы әкімдігінің «Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ тарапынан 31 739 122 теңге сомасына орындалған жұмыстар үшін берешекті өтеу бойынша «Niq» ЖШС-не көмек көрсетілді.
- Тараз қаласының МКБ тарапынан 5 мыңнан астам қала кәсіпкерлерінің атына қоршаған ортаға эмиссиялар төлемі туралы хабарлама шығару мәселесі оң шешімін тапты, бұл олардың шоттарын бұғаттауға әкеп соққан еді. Нәтижесінде хабарламалар кері қайтарылып алынды, шоттарға салынған тыйымның күші жойылды.

## БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

---

- Батыс Қазақстан облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 11 ақпандағы шешімімен Орал қаласы МКБ-ның «Юнекс» сауда үйі» ЖШС-не қатысты 979 635 485 теңге сомаға мәмілені жарамсыз деп тану туралы талап-арызын қанағаттандырудан бас тартылды.
- 2020 жылғы 10 қарашада «Уральская нефтехимическая компания» ЖШС-не қатысты қылмыстық құқық бұзушылық құрамының болмауы себепті қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы шешім шығарылды. Экология департаментінің экономикалық бағалауы бойынша жер қойнауын заңсыз өндіруден түскен экономикалық залал 22 млн теңгеден астам соманы құрайды.
- «Центр стоматологии «Жайық Дент» ЖШС-не қалалық емханалардың МӘМС шеңберінде бизнес субъектісі көрсеткен профилактикалық қызметтерге 19 951 861 теңге сомасында ақы төлеуіне жәрдем көрсетілді.
- «Мерей» базарын жалға алушылардың жалдау ақысын 30-дан 60%-ға дейін, яғни 8 млн теңгеден астам сомаға төмендетуді сұраған ұжымдық өтініші бойынша базар әкімшілігімен медиативтік келісімге қол жеткізілді.
- Орал қаласының ТКШ бөлімімен келіссөздер жүргізу арқылы «Светоком» ЖШС-не мемлекеттік сатып алу шарты бойынша жабдықтарды жеткізу мерзімін ұзартуға жәрдем көрсетілді. Алдын ала есептеулер бойынша мерзім ұзартылмаған жағдайда 34 718 749 теңге сомасына шартты бұзу қаупі төнген еді.

## ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

---

- Қарағанды облысы бойынша Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі уәкіл аппаратының бастамасымен жүргізілген жеке сарапшылардың қорытындылары негізінде қозғалған қылмыстық істердің тіркелуін талдау қорытындысы бойынша облыс прокуратурасы «ККК ЛТД» ЖШС, «СапаЖолСтрой» ЖШС және т. б. қатысты ҚР ҚК 189-бабы бойынша 4 қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтатты.
- «СанТехПром» ЖШС-не бюджеттен 250 млн теңге көлемінде қосылған құн салығының сомасын қайтару бойынша көмек көрсетілді.

## ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ

---

- Астықты тиеп жөнелту мәселесі бойынша «ENRICHMENT TRADE» ЖШС мен «Қостанай диірмен комбинаты» АҚ арасындағы дауды реттеуге жәрдем көрсетілді (ЖШС бізге тиеп жөнелту мерзімдері бойынша келісу мүмкін болмауына, вагондардың тұрып қалуына және АҚ-ның ЖШС өкілін қабылдаудан бас тартуына қатысты мәселемен жүгінді, қабылданған шаралар нәтижесінде барлық мәселелер шешілді).
- ЖК «О.И. Ведлерге» ҚР ӘҚБтК 426-бабының 1-бөлігі бойынша салынған 361 140 теңге мөлшеріндегі айыппұлдың (дәрі-дәрмектің белгіленген шекті бағасын арттырғаны үшін) күшін жоюға қатысты көмек көрсетілді.
- Қостанай қаласы әкімдігінің Сәулет бөлімінің 1251 кәсіпкерлік қызмет субъектілеріне қатысты сыртқы жарнаманы орналастырғаны үшін қосымша төлемақы есептеу әрекеті заңсыз деп танылды. Жалпы сомасы 32 млн теңге.
- Санаториялық-курорттық ем көрсететін «Джайляу КЗ» ЖШС үшін оңалту рәсімі сақталды. Компанияны банкрот деп тану туралы шешім сот арқылы жойылды, өйткені қаржылық тұрақтылықты қалпына келтіру мүмкіндігі бар.

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

---

- «Тобжан-Төре», «Nurlyorda Service», «Агри-5», «Татыран», «SCSИнжиниринг», «Alkasiib», «Атамекен», «Әзірет-жол-құрылыс», «Жаңақорған Жібек Жолы» ЖШС және ЖК «Ыбыраев Н.», «Тобжанова А.С.», «Мырзабеков С-ға.» мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша жалпы сомасы 272 млн теңге көлемінде берешекті өндіріп алуға жәрдем көрсетілді.
- ТЖ және шектеу шараларын енгізу кезеңінде 405 жеке мектепке дейінгі мекемелерге 2 млрд 300 млн теңгеден астам сомаға мемлекеттік білім беру тапсырысын төлеу бойынша жәрдем көрсетілді.
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру мөлшерін бір балаға 28 030 теңгеден 46 304 теңгеге дейін арттыруға жәрдем көрсетілді.
- Кәсіпкерлік объектілері алдында тыйым салатын 3.27 «Тоқтауға тыйым салынған» жол белгісін бөлшектеуге жәрдем көрсетілді (осы мәселе бойынша 100-ден астам кәсіпкерден 15 өтініш келіп түсті).
- Кәсіпкерлік қызметке кедергі келтіргені және Қызылорда облысының Бас санитарлық дәрігерінің қаулыларында көзделмеген шектеу шараларын белгілегені үшін Мырзабай ақын ауылдық округінің әкімі Нұрмаханов Б.Ш. Жалағаш аудандық сотының 2020 жылғы 21 қыркүйектегі қаулысымен ҚР ӘҚБтК-нің 173-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

---

- «Алтын арқа – XXI» ЖШС-не жеке сот орындаушысы С. Скопинцевтің заңсыз әрекеттеріне қатысты талап-арыз түсіру бойынша көмек көрсетілді, нәтижесінде ЖШС мүлкіне жалпы сомасы 161 455 000 теңгеге салынған шектеу алынып тасталды.
- Маңғыстау облысының Дене шынықтыру және спорт басқармасының Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Каспий» кәсіби футбол клубы» тарапынан шартты біржақты бұзу кезінде «Аванпост Секьюрити» күзет агенттігі ЖШС-не көмек көрсетілді.

## ПАВЛОДАР ОБЛЫСЫ

---

- «Отдел Жилстроя» ЖШС-не орындалған жұмыстар үшін жалпы сомасы 51 834 535 теңгеге «Павлодар қаласының инновациялық үлгідегі №34 жалпы білім беретін орта мектебі» ММ тарапынан берешекті өтеу мәселесін сотқа дейінгі реттеуде көмек көрсетілді.
- «ДАЛА» ЖШС-не «Ақсу қаласының құрылыс бөлімі» ММ-мен 600 миллион теңгеден астам сомаға мемлекеттік сатып алу туралы шартты ұзартуға жәрдем көрсетілді.
- Мүлікті бағалау бойынша жеке сот орындаушысының әрекеттерін заңсыз деп тану мәселесі бойынша «Музы-ПВ» ЖШС-не көмек көрсетілді. Павлодар қалалық соты «Музы-ПВ» ЖШС пайдасына талап арызды қанағаттандырды, қорғалған құқық сомасы 510 545 000 теңгені құрады.
- «Ерейментау кірпіш зауыты» ЖШС-не құқықтық көмек көрсетілді, қорғалған құқық сомасы 1199 347 000 теңгені құрады. Екібастұз қаласының мемлекеттік кірістер басқармасы ЖШС-не қатысты банкроттық рәсіміне бастамашылық жасады, Павлодар облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымымен азаматтық іс қозғалды. Сот талқылауы барысында мемлекеттік органның талаптарын қанағаттандырудан бас тартуға қол жеткізілді.

## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

---

- Солтүстік Қазақстан облысының 100-ден астам кәсіпкерлік қызмет субъектілерін Мемлекеттік энергетикалық тізілімге (МЭТ) негізсіз енгізу мәселесі шешілді, олар қызметіне қатысы жоқ есептілікті тапсыру міндетінен босатылды. Егер кәсіпкерлер есептілікті тапсырмаса айыппұл салынуы мүмкін еді.
- Солтүстік Қазақстан облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 02 шілдедегі шешімімен «Ертегі» ЖШС-не қатысты Экология департаментінің рұқсат етілген шекті шығарындылар нормативтері жобасына мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысын және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты кері қайтарып алу туралы талап арызы қараусыз қалдырылды.

## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

---

- Солтүстік Қазақстан облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 17 ақпандағы шешімімен Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Бәсекелестікті қорғау және дамыту комитеті департаментінің бұйрығының күші жойылды. Аталмыш бұйрықта «Гелика» ЖШС мен «Аманат» ЖШС жүргізілген тергеу нәтижелері бойынша бәсекелестікті қорғау саласында заңнаманы бұзды деп бекітілген болатын, бұл ЖШС-терін мемлекеттік орган заңсыз айыптаған.
- Ветеринариялық бақылау комитетінің Словак және Чех Республикаларынан асыл тұқымды малды әкелуге заңсыз тыйым салуы алынып тасталды, нәтижесінде Қазақстанның мал өсірушілері асыл тұқымды малды әкелуге қол жеткізді.

## ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

---

- Түркістан облысы азаматтық істер жөніндегі сот алқасының 2020 жылғы 14 қазандағы қаулысымен Алатау ауылдық округінің «Алатау-Орда» ӘКК-не жер учаскесіне жер пайдалану құқығын беру туралы шешімнің күшін жою туралы талап арызы бойынша Төлеби аудандық сотының шешімі жойылды.
- Облыс прокуратурасымен бірлесіп «НПА «АСЕМ» ЖШС -нің өтініші бойынша жұмыс жүргізілді. Түркістан облысы ЭТД қызметкерлерінің заңсыз әрекеті анықталды, «НПА «АСЕМ» ЖШС-не алынған антисептиктер қайтарылды, «АСЕМ «НҚА» ЖШС 9 600 000 теңге сомасына мүліктік құқықтары қорғалды.
- «АІВІ-АІ (Аиби-АИ)» Специальная финансовая компания» ЖШС-не Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін жүктің гуманитарлық екенін растайтын құжаттарды ресімдеу барысында көмек көрсетілді, қорғалған құқықтар сомасы 117 768 900 теңгені құрады.



Қазақстан кәсіпкерлерінің құқықтарын қорғау жөніндегі  
уәкілдің орталық аппаратының мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы,  
Қабанбай батыр даңғылы, 19, «Б» блогы, 6-қабат

Қабылдау бөлмесінің телефоны: +7 (7172) 270 454

Кеңсе: +7 (7172) 919 390